



## ӘЛЕМДІК БӘСЕКЕГЕ САЙ БОЛУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Ұлттық олимпиада комитетінің президенті  
Геннадий Головкинді қабылдады.



Президентке Ұлттық олимпиада комитетінің атқарған жұмысы және алдағы кезеңге арналған жоспары туралы мәлімет берілді.

Геннадий Головкин спорт инфрақұрылымын жақсарту, қазақстандық спортшыларды тыңғылықты даярлау, еліміздің халықаралық аренадағы беделін көтеру жөнінде салалық министрлікпен бірге қабылданған шаралар туралы айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҰОК алдында олимпиадалық спорт түрлерін ілгерілету мен күшейту бойынша маңызды міндеттер тұрғанын атап өтті. Президенттің айтуынша, құрама командаларымыздың әлемдік бәсекелердегі нәтижелерін арттыра түсу қажет.

Мемлекет басшысы Геннадий Головкинді Халықаралық бокс федерациясы (World Boxing) Олимпиада комиссиясының төрағасы болып тағайындалуымен құттықтады.



Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,  
Ұлттық ғылым академиясының академигі

## КҮРЕСКЕР АҚЫН, КЕМЕЛ ҒАЛЫМ


Бүркітті күрескерлік жолға шығарған Алаш идеясы еді. Ағамызбен Қарағанды оқытушылар институтында бірге оқыған досы, каламгер Махмет Темірұлының журналист Ержұман Смайылға берген сұхбатында олар алғаш рет сол кезде «халық жауы» деген жалған жаламен атылған, шығармалары барлық кітап сөресінен жинап алынып, оқуға тыйым салынған Сәкен, Лияс, Бейімбеттермен қатар Ахмет Байтұрсынұлының «Масасы» мен Міржақып Дулатовтың «Оян,

қазағын» ұстаздары Айтбай Нәресшевтің кітапханасынан алып, қызыға-құмарта танысады. Махмет аға бұл туралы: «Алаш көсемдері жайында түсінік алып, олардың не үшін күрескенін білгеніміз біздерді ерекше рухтандырып жіберді. Алдағы уақытта сол Алаш азаматтарының жолын қуып, туған еліміздің азаттығы, бостандығы үшін күресуге бел будық», — деп жазады («Егемен Қазақстан», 2011 жыл, 27 ақпан).

→ 5

## UFC ЧЕМПИОНЫ БОЛУҒА

### БІР ҚАДАМ



→ 8

Иэн Гэрри әлемге соққылаушы стилімен танымал болғандықтан оның күреске икемі аз. Соған қарамастан осындай жағдай ешкімнің ойына кіріп-шықпаған еді. Шавкат күш-жігері мен тәжірибесінің арқасында әрең дегенде бұл тұзақтан сытылып шығып әрі қарай ұрысты жалғастырып кетті. Шыны керек, Гэрридің орнында атақты спортшылардың бірі Хамзат Чимаев болғанда, бұл белдесу уақытынан бұрын аяқталуы мүмкін еді.

## ҰЯЛЫ ОПЕРАТОРЛАР ҰЯТТАН ЖҰРДАЙ МА?

Байланыс алпауыттары заңды аяусыз бұзып, өрескел қателік жасаса да, жазасы жеңіл: монополистік қызмет нәтижесінде тапқан зансыз кірісінің небәрі 5%-ы алып қойылады. Қалған 95%-ын өзінде қалдырады. Сондықтан Е.Бейсенбаевтың пікірінше, оларға тарифтерін 59%-ға дейін көтеру, біраз жылдан кейін қылмысы дәлелденсе, 5%-дық айыппұл төлей салу әлдеқайда тиімді болып тұр.



→ 4

## ЖАЙЫҚТАН ҰШҚАН ШАҒАЛА

Ал мен өмір бойы қаламымды казак қыздарын тәрбиелеуге арнаппын. Ана сүюге, ұлтын сүюге тәрбиелеппін. «Қазақ қызы, ананы сыйла. Туған далаңа қызмет ет. Сен қыз болғаныңмен, жүгің ауыр. Сенің мойныңда үлкен жауапкершілік бар.



→ 8

## «АЛТЫН ДОМБЫРА» – МЕЙІРБЕКТЕ

Айттыс – бабадан қалған байрақты өнер. Ғасырлар қойнауынан жеткен қастерлі қазынамызды ұлықтау, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – баршамызға ортақ қастерлі парыз. Бүгін алдарыңызда бағы мен бабы келіскен шын жүйріктер сынға түседі. Төл өнеріміз терге оза берсін.



→ 3



10 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ



## «КЕЛЕШЕК» ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТІ ҚАРАЛАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 12 желтоқсан күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті. Сондай-ақ іс-шарада палата комитеттерінің осы аптадағы көшпелі отырыстарында қаралатын мәселелер талқыланды.

Алдағы бейсенбіде сенаторлар «Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Жай операциялар) (Фискалдык басқару және қаржы секторы реформаларының бағдарламасы – 1-кіші бағдарлама) ратификациялау туралы», «Қазақстан Республикасы мен Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Фискалдык басқару және қаржы секторы реформаларының бағдарламасы – 1-кіші бағдарлама) ратификациялау туралы» және «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді («Инклюзивті және тұрақты экономикалық өсу» атты даму саясатын қаржыландыруға арналған қарыз) ратификациялау туралы» заңдарды қарайды.

Сондай-ақ палата отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі, ақпарат, қоғамдық даму, мәдениет және архив ісі салаларында артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қаралады. Бұл заңда «Келешек» біріншілік ерікті жинақтаушы жүйесінің қызметін құқықтық реттеу көзделген. Аталған жүйені құру жөнінде Мемлекет басшысы өзінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында айтқан болатын.

«Келешек» бағдарламасы жоғары білім беруді, колледжде немесе магистратурада оқуды қоса алғанда, білім беру жинақтарын қалыптастыруға арналған. Бұл бастама мемлекеттің, ата-аналардың және қаржы институттарының қатысуын көздейді.

Сонымен қатар бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

## АГРОӨНЕРКӘСІПТІҢ ОЗАТТАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Алматы облысында Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі күніне арналған салтанатты шара өтті. Облыс орталығы Қонаев қаласында ұйымдастырылған мерекелік шараға 200-ден астам ауыл шаруашылығы қызметкері мен мамандар қатысты. Мереке ауыл шаруашылығының маңызын насихаттап, артта қалатын жылды қорытындылап, облыс экономикасындағы жетекші сала қызметкерлерінің еңбегін бағалауға арналды.



Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев салтанаттағы құттықтау сөзінде, өңірдің агроөнеркәсіп кешенінің жетістіктерін айрықша атап өтіп, агроөнеркәсіптің еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ролін ерекше көрсетті. Оның айтуынша, аймақтағы егін және мал шаруашылығын қоса алғанда, жалпы ауыл шаруашылығында айтарлықтай ілгерілеу бар.

Мерекелік салтанат барысында үздік қызметкерлер мен шаруашылықтар, кәсіпорындар мен ұйымдар мемлекеттік наградалармен және арнайы сыйақылармен марапатталды. Бір адам «Парасат», 3 адам «Күрмет» орденімен, 3 адам «Ерен еңбегі үшін», 5 адам «Еңбек ардагері» медалімен, 7 адам «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Сонымен бірге «Үздік ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері» байқауында оза шапқандар қатарында болғандар да алған орындарына сай марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, осы конкурста қайта өңдеу кәсіпорындары арасында жазылу реттері бойынша жүлделі үш орынды бөліскен «Адал» АӨК ЖШС, «Дәулет Бекет» ЖШС, «Көк Теңіз» ЖШС компаниялары

ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Ал заңды тұлғалар арасында топ жарған

«Владимир» ЖШС-на «УТО 804-8» тракторы тарту етілсе, 2-орынды иеленген «Агрофирма «Керуен» ЖШС мен 3-орын алған «Фирма Алтай» ЖШС ақшалай жүлделерге қол жеткізді. Шаруа қожалықтары арасындағы үштіктің алдынан көрінген «Олжас» ШҚ да «УТО 804-8» тракторын иеленді. Мұндағы екінші және үшінші орынды бөліскен BeeQueen ШҚ мен «Ислам» ШҚ-ның еселі еңбектері қаржылай сыйлықтармен атап өтілді.

Халықты бағасы қолжетімді отандық сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етудегі маңызы зор ауыл шаруашылығы жәрменкелерін ұйымдастырудағы белсенділік танытқан аудандар арасында Кеген топ жарса, Еңбекшіқазақ пен Карасай екінші және үшінші орындардан көрінді. Осы байқауда ауылдық округтер арасында Балқаш ауданының Құйған ауылдық округі алдан көрініп, Жамбыл ауданының Айдарлы ауылдық округі мен Талғар ауданының Панфилов ауылдық округі қалған жүлделі орындарды өзара бөлісті.

Болат АБАҒАН,  
Алматы облысы

## ҰҚШҰ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ ЖИЫНЫ ӨТТІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Парламент делегациясы Мәскеуде өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Парламенттік Ассамблеясы Кеңесінің кезекті отырысы мен он жетінші пленарлық отырысына қатысты.



Жиында сөз сөйлеген Ерлан Қошанов әріптестеріне Қазақстанның ҰҚШҰ-ға төрағалық етуінің қорытындылары туралы айтып берді.

— Әріптесімізбен бірлескен үйлесімді жұмыстың нәтижесінде Қазақстан Республикасы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына төрағалық еткен кезеңде ұйым алдында тұрған барлық міндет толық орындалды. Астанада өткен кездесуде елдеріміздің көшбасшылары Қазақстанның төрағалығы барысында атқарылған іс-шараларға жоғары баға беріп, ұйымды одан әрі дамытуға бағытталған маңызды құжаттар қабылдады. Біз серіктестерімізге бұл құжаттардың табысты жүзеге асырылуына қолдау көрсеткені үшін ризашылығымызды білдіреміз. Ортақ мүдделерімізді ескере отырып, ҰҚШҰ Парламенттік өлшемін кезең-кезеңімен дамыту мен нығайту бағытындағы жұмысымызды жалғастырамыз, — деді Мәжіліс Спикері.

Қазақстанның ҰҚШҰ-ға төрағалығы кезінде ұйым мүдделі елдермен және қауіпсіздік саласында жұмыс істейтін халықаралық құрылымдармен ынтымақтастықты нығайтты.

ҰҚШҰ мен ТМД, сондай-ақ ШЫҰ арасындағы байланыс жалғасын тапты. Биыл қазан айында Мәскеуде ҰҚШҰ – ТМД – ШЫҰ форматындағы дәстүрлі кездесу өтті. Онда аталған ұйымдардың негізгі саяси принциптері мен жарғылық ережелерінің ұқсастығы атап өтілді.

2024 жылы ҰҚШҰ-ның БҰҰ-ның бақылаушы мәртебесін алғанына 20 жыл толды. Сондай-ақ осы жылдың қараша айында Нью-Йоркте БҰҰ мен ҰҚШҰ арасындағы ынтымақтастық туралы бірлескен қарар қабылданды.

Мәжіліс Спикері өз сөзінде ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы мүше мемлекеттерге қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселелері бойынша сындарлы диалог жүргізуге мүмкіндік беретінін айтты.

Сонғы жылдары Ассамблея ұжымдық қауіпсіздіктің маңызды аспектілерін қамтитын бірқатар модельдік заңнамалық акті қабылдады. Атап айтқанда, ақпараттық және биологиялық қауіпсіздік, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес, есірткі саудасына тосқауыл қою салаларындағы құжаттар.

Ерлан Қошанов Қазақстан төрағалығымен Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өтуге дайындыққа ерекше назар аударылғанын айтты. Отырыстың қорытындысы бойынша алдағы мерейтойға орай ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының Үндеуі қабылданды.

ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы іс-шаралары аясында делегация басшылары Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен кездесті. Ерлан Қошанов Ресей Президентіне Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылы лебізін жеткізіп, Қазақстан мен Ресей арасындағы парламентаралық қарым-қатынастың жоғары қарқындылығын атап өтті.

Келесі жылы ҰҚШҰ-ға Қырғыз Республикасы төрағалық етеді.

Отырыста Қазақстан тарапымен қатар, Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының төрағасы Вячеслав Володин, Беларусь Республикасы Ұлттық жиналысы Өкілдер палатасының төрағасы Игорь Сергеевко, Қырғыз Республикасы Жоғорку Кеңешінің төрағасы Нұрланбек Шакиев, Тәжікстанның Маджлиси намоёндагон Маджлиси Оли төрағасы Махматдир Зокирзода, сондай-ақ ҰҚШҰ Бас хатшысының орынбасары Таалатбек Масадыев, ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясының жауапты хатшысы Сергей Поспелов және Сербия Республикасы, Алжир Халық Демократиялық Республикасы мен Иран Ислам Республикасының өкілдері қатысты.

## КӨКӨНІС ҚОРЫН ПАЙДАЛАНА БАСТАДЫ

Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен Үкіметтегі кеңесте 11 айдағы инфляция қорытындылары мен 2024 жылғы болжамдар қаралды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, қараша айында азық-түлік емес тауарлардың баға индексі 0,7%, ақылы қызметтердің баға индексі – 0,8%, азық-түлік өнімдері – 1,1% болды.

Азық-түлік инфляциясын тежеу үшін аймақтарда көкөніс қоры пайдаланыла бастады. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, 159,6 мың тонна көкөніс қорының 13,4 мың тоннасы сатылды. Ең көп сатылғаны – картоп

(7,2 мың тонна), сәбіз – 2,1 мың тонна, пияз – 2,2 мың тонна, қырыққабат – 1,7 мың тонна.

Серік Жұманғарин Ауыл шаруашылығы министрлігіне аймақтармен бірлесіп, негізгі азық-түлік өнімдерінің, соның ішінде жылыжайда өсірілген көкөністердің бағасын тұрақтандырып, жана жыл қарсаңында олардың жеткілікті мөлшерде сауда сөрелерінде болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Тұрақтандыру қорларында осы уақытқа дейін жинақталған азық-түлік қорын өңір нарықтарына жеткізу және оны ауыл шаруашылығы жәрменкелері арқылы сатылымға шығару тұрғындарды жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етуге әрі көкөніс және басқа өнімдерді қолжетімді бағада сатуға мүмкіндік береді. Бұл шаралар жана жыл алдындағы негізгі азық-түлік өнімдері бағасының күрт өсуін тежеуге бағытталған.





# «АЛТЫН ДОМБЫРА» – МЕЙІРБЕКТЕ

Тәуелсіздік күні қарсаңында «AMANAT» партиясының қолдауымен Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған «Алтын домбыра» республикалық ақындар айтысы өтті. «Төрлет, еңбек адамы» тақырыбындағы дәстүрлі дода биыл еңбек адамын ұлықтауға арналды.

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Президенттің төл мәдениетімізге қамқорлық танытып, ерекше көңіл бөліп отырғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы айтысты, ұлттық құндылықтарымызды, ұлттық спортымызды барынша қолдап келеді. Өткенде ғана Дүниежүзілік көшпенділер ойыны жоғары деңгейде өтті. Бұдан бөлек, биылдың өзінде руханиятқа еңбегі сіңген біраз ұлы қайраткерлеріміздің мерейтойларын атап өттік. Солардың бәріне Президентіміз ұдайы қолдау көрсетіп келеді. Мемлекет басшысы әлемдік саясатта, жаһандық деңгейде ұлтымыздың рухын асқартатып, мемлекетіміздің мүддесін, халқымыздың намысын қорғап жүр», — деді Е. Қошанов.

Мәжіліс Спикері қазіргі уақытта қоғамда Президенттің «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидасы орныға бастағанына назар аударды. Бүгінгі аламан айтыстың да тақырыбы осыған арналып отыр.

«Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Қай уақытта да ақындар ерлік пен еңбекті жырлаған. Шын мәнінде, мемлекеттің ырыс-құтын, елдің береке-бірлігін шашау шығармай ұстап тұрған қарапайым еңбек адамдары ғой. Олар туралы қанша



мөрте жырласақ та көптік етпейді деп ойлаймын. Сондықтан бүгінгі төріміз де, сөзіміз де еңбек адамдарына арналмақ», — деді Е. Қошанов.

Өз кезегінде, айтыс тізгінін ұстаған көрнекті ақын, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай дүбірлі доданың мәні мен маңызына тоқталып, қазылар алқасының құрамы мен ақындар қауымын таныстырды.

«Айтыс — бабадан қалған байрақты өнер. Ғасырлар қойнауынан жеткен кастерлі қазынамызды ұлықтау, ұрпақтан-ұрпаққа

жеткізу — баршамызға ортақ кастерлі парыз. Бүгін алдарыңызда бағы мен бабы келіскен шын жүйріктер сынға түседі. Төл өнеріміз төрге оза берсін», — деді ол.

Сонымен қатар «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық өнерімізге әркез қолдау көрсетіп келе жатқанын жеткізді.

«Өздеріңіз білетіндей, ел Президенті келер жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаған болатын. Сондықтан

«Төрлет, еңбек адамы» тақырыбында ұйымдастырылған бұл айтыстың басты мақсаты — адал еңбек иелерін дәріптеу, төрге шығару және насихаттау. Міне, екі күн бойы ерке Есілдің бойында — Астана төрінде аламан айтыстың күесі болды. Елдің айызын қандырған, айбарын асырған дода болды деген ойдамын. Баршаның шынайы алғысымызды білдіреміз», — деді партияның Атқарушы хатшысы.

Осы орайда Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық

одағының төрағасы, белгілі ақын Жүрсін Ерман айтыс өнерінің мәні мен маңызына тоқталды.

«Бүгінгі айтыс — қазақ жырының тойы, жыр жәрмеңкесі. Мұндай айтысты көрген де бар, көрмеген де бар. Айтыс — киелі өнер. Оны әрдайым қолдап, қорғаштай білу қажет», — деді ол.

Ал Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айзада Құрманова жиналған көпшілікті өнер мерекесімен құттықтап, ақындар қауымына алғысын білдірді.

«Қашанда қазақ халқы үшін еңбек адамының мәртебесі биік. Сондықтан бүгінгі айтыстың тақырыбы кездейсоқтық емес. Айтыс — халқымыздың биік өнері. Айтыс — атадан балаға мирас болған мұра. Ал ақындарымыз халықтың мұн-мұқтажын жырлап, әркез еліміздің сенім үдесінен шығып келеді. Төл өнеріміз төрге оза берсін», — деді вице-министр.

Осылайша, екі күнге созылған жыр аламында қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені қызылордалық Мейірбек Сұлтанхан иеленді. Оған «Алтын домбыра» және автокөлік табысталды.

Жүлделі 1-орын және «Айтыс ақтангері» атағы актөбелік Нұрбол Жауынбаева, 2-орын жетісулық Айым Асылбекқызына бұйырды. 3-орынды қарағандылық Дидар Камиев, павлодарлық Аспанбек Шұғатаев және ұлытаулық Өміржан Көпбосын өзара бөлісті.

Сондай-ақ Батыс Қазақстан облысынан келген Жансая Мусинаға «Көрермен көзайымы» жүлдесі мен «Айтыс ақтангері» атағы беріліп, темір тұлпардың кілті табысталды. Ал арнайы жүлдені алматылық Қазірет Бердіхан және Шұғайып Сәзімхан, шығармашылық бірлестігінің мүшесі Дидар Камиев иеленді.

Сайысқа түскен барша ақыңа сыйсияпат жасалды.

Ә.САМАТҰЛЫ

## ҮЛЕСКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАТЫН БОЛАДЫ

Соңғы уақытта қарқынды дамып келе жатқан құрылыс саласында соны өзгерістер орын алмақ. Атап айтқанда, жылдар бойы үлескерлік арқылы баспаналы боламыз деген талай қазақтың жанайқайы алдағы уақытта өз шешімін табады. Өйткені Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі депутаттары бастама жасап, заңды айналып өтуге құрық салатын өзгерістер мен толықтырулар енгізбек. Атап айтқанда, жаңа заң жобасында электрондық нысанда келісімшарттар жасасу, оларды міндетті есепке алуды, құрылыс компанияларының қаржылық есебін қадағалау және инжинирингтік компаниялардың құрылыс жұмыстарына ай сайын мониторинг жүргізуін қолға алу секілді тағы басқа да маңызды шаралар қамтылған. Осыған байланысты Мәжілістің алдағы жалпы отырысында бірінші оқылымда қаралатын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құрылыс саласын жетілдіру және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасындағы өзге де өзекті мәселелер туралы Мәжіліс депутаты Самат Мұсабаевпен сұхбаттасқан едік.

— Самат Базарбайұлы, «Қазақстан Республикасы тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заң жобасына нақты қандай негізгі өзгерістер енгізілді?

— Аталған заң жобасында негізінен үлескерлердің құқығын қорғау мәселесіне қатысты шаралар қарастырылған. Өздеріңізге белгілі, бүгінгі күні үлестік құрылыстың үш тәсілі бар. Олар: бірінші — Бірыңғай оператордан кепілдік алу. Екінші — екінші деңгейдегі банктің жобаға қатысуы. Үшінші — көппәтерлі тұрғын үйдің қаңқасы тұрғызылғаннан кейін үлескерлердің ақшасын тарту.

Қазір құрылыс салушылар үлестік заңнаманы айналып өту мақсатымен жеке немесе заңды тұлғалармен әртүрлі келісімдер жасасады. Яғни, алдын ала шарттар, инвестициялау, брондау және тағы басқа. Мұндай шарттар азаматтық құқықтық қатынастар тәртібімен құрылады және бірде-бір мемлекеттік базада тіркелмейді. Сондықтан аталмыш құжаттар тұрғын үйдің алдағы уақытта толық бітуіне кепілдік бермейді.

Осындай оқиғалардың алдын алу үшін Азаматтық кодекспен мұндай келісімдер жасалуына тыйым салынбақ. Атап айтқанда, құрылыс жүріп жатқан нысанды әкімдіктің рұқсаты немесе Бірыңғай оператордың кепілдігі болмаған жағдайда жарнамалауға және Екінші деңгейлі банктер ипотека рәсімдеуге шектеу қойылмақ. Ал заңсыз

үлескерлердің ақшасын тартқан жағдайда және жарнама жасалғаны үшін әкімшілік айыппұл көлемін 2 000 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайту жолдары қарастырылған. Сонымен қатар «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» базасында үлескерлерді қолдау орталығын құру да назардан тыс қалған жоқ.

Осылайша, Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңның қолдану аясы кеңейтілмек. Ашып айтсақ, шағын қабатты тұрғын үй кешендерін және 50-ден аса жеке тұрғын үй кешендерін салу аталған заңмен реттелетін болады.

Жасыратын жоқ, елімізде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселесі әлі күнге дейін бір жүйеге келе алмай отыр. Қазіргі таңда, мысалы, тек Астана қаласының өзінде 51 құрылыс компаниясы пәтерлерді заңсыз сатқан. Олар үлескерлермен заңсыз келісімдер жасаған. Бұл мәселені шешіп, құрылыстарды аяқтау үшін шамамен 7 миллиард теңге қажет. Бұл заң жүз пайыз тәртіп орнатпаса да, саланы реттеуге мүмкіндік береді. Заңсыз әрекет ететін компанияларды тәртіпке келтіреді және халықтың мүддесін қорғауға мүмкіндік береді деп сенеміз.

— Үлескерлерден қаражат тартатын құрылыс салушыларға қойылатын талаптар өзгері ме?

— Иә, жоғарыда айтылған өзгерістерден бөлек, құрылыс салушыларды ынталандыру

шаралары да қарастырылған. Мәселен, үлестік тұрғын үй құрылысымен айналысқысы келетін құрылыс компанияларына, яғни үлестік қатысу нарығына заңды түрде «кіруге» арналған талаптар жеңілдетілмек.

Атап айтсақ, Бірыңғай оператордың кепілдігін алу үшін немесе екінші деңгейлі банктердің жобасына қатысу шарттары, яғни жұмыс тәжірибесі бойынша талаптарды

ликалық маңызы бар қалалар мен Астанада 60 мыңнан 36 мың шаршы метрге дейін, басқа өңірлерде 36 мыңнан 18 мың шаршы метрге дейін, жұмыс істеу мерзімі 5 жылдан 3 жылға дейін қысқартылған.

Бұдан басқа, үлестік салымдарға қолжетімділікті арттыру мақсатымен:

уәкілетті компания екінші деңгейлі банктерде ағымдағы шотты ғана емес, жинақ және валюта шоттарын ашу мүмкіндігі; мердігерге аванстық төлемдер мөлшерін ұлғайту;

үлескерлердің ақшасын әкімдіктен рұқсат алғаннан кейін ғана пайдалану құқығы;

тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың Бірыңғай ақпараттық жүйесінде (Қазреестр) міндетті түрде есепке ала отырып, жазбаша және электрондық нысанда үлестік қатысу шарттарын жасасуды қамтамасыз ету шаралары қарастырылған.

— Электрондық нысанда тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шарттарын жасау қалай жүзеге асырылады?

— «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңының қолданыстағы тәртібіне сәйкес, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт жазбаша (қағаз немесе электронды) жасалады. Сондай-ақ көппәтерлі тұрғын үйдің орналасқан жеріндегі әкімдікте шартты есепке қойған кезден бастап күшіне енген болып есептеледі. Бұл — Уәкілетті компания мен үлескер арасындағы келісімшарт. Аталмыш шартты әкімдікте есепке алу «Жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды, сондай-ақ олар бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру туралы шарттарды есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 434 бұйрығымен реттеледі және мемлекеттік қызмет түрі.

**«Заңсыз үлескерлердің ақшасын тартқан жағдайда және жарнама жасалғаны үшін әкімшілік айыппұл көлемін 2 000 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайту жолдары қарастырылған. Сонымен қатар «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» базасында үлескерлерді қолдау орталығын құру да назардан тыс қалған жоқ.»**

төмендету ұсынылған. Мысалы, жұмыс істеу мерзімі 3 жылдан 2 жылға дейін, ал тәжірибесі республикалық маңызы бар қалалар мен Астанада 18 мыңнан 10 мың шаршы метрге дейін, басқа өңірлерде 10 мыңнан 5 мың шаршы метрге дейін қысқартылған.

Көппәтерлі тұрғын үйдің қаңқасы тұрғызылғаннан кейін үлескерлердің ақшасын тарту тәсіліне қатысу талаптары республи-

Өз кезегінде әкімдік тіркеуге келіп түскен үлестік шарттың үлгілік нысанына сәйкестігін, сондай-ақ көппәтерлі тұрғын үйдегі үлеске үшінші тұлғалардың бұрын есепке қойылған құқықтарының болуын тексереді.

Нәтижесінде, әкімдік «ҚазРеестр» ақпараттық жүйесі арқылы үлестік шартты есепке қойып, Уәкілетті компанияға «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың есептік жазбасы туралы» үзінді береді.

Шарттың электрондық көшірмесін (қағаз күйінде жасалған шарттың сканерін) есепке қою 3 жұмыс күні ішінде, ал электрондық шартты есепке қою 1 жұмыс күні ішінде асырылады.

— Жергілікті атқарушы органдар арқылы үлестік қатысу шарттарын есепке алу және құрылыс барысына мониторинг жүргізу ісі қалай жүргізіледі?

— Заңға сәйкес Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың 3 тәсілі жайлы жоғарыда айтып өттік. Ал құрылыс барысына мониторинг жүргізу Инжинирингтік компаниялар арқылы жүзеге асырылады.

Инжинирингтік компания Бірыңғай операторға, екінші деңгейдегі банкке немесе әкімдікке (тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру тәсіліне қарай) көппәтерлі тұрғын үйдің құрылысының барысын мониторингтеу нәтижелері туралы есепті уәкілетті орган бекіткен нысанға сәйкес ай сайын ұсынуға міндетті.

Осы заң жобасында инжинирингтік компаниялардың үлестік қатысуды ұйымдастыру тәсіліне қарамастан, әкімдікке қосымша есептер беру міндеті көзделді. Есептерді Е-Quryulus бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы ұсынады.

Жүйені пайдалану — үлестік құрылыстың барысын бақылауға, үлескерлердің қаражатын мақсатты пайдалануға мониторинг жүргізуге, жобалау-металдық құжаттамада (ЖСК) белгіленген мерзімдердің сақталуын тексеруге мүмкіндік береді.

Демек, әкімдіктер бір ақпараттық жүйе арқылы объектілер құрылысының барысына толық мониторинг жүргізе алады. Сонымен қатар қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылап, ЖСК-да белгіленген мерзімде құрылысты аяқталуын қамтамасыз ете алады.

Егер мониторинг барысында құрылыстың нормативтік мерзімдерінен артақалуды анықталған жағдайда, әкімдік нақты объектінің құрылыстың аяқталмау қаупіне ұшырауы мүмкін деп айқындайтын және осындай құрылыс салушыларға тиісті шараларды қолданатын болады. Нәтижесінде, құрылыс аяқталғаннан кейін құрылыс салушылардың жауапкершілігі артады және үлескерлердің құқықтары қорғалады.

— Әңгімеңізге рақмет

Сұхбаттасқан  
Кәмилә ЕРКІН



10 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

# ҰЯЛЫ ОПЕРАТОРЛАР ҰЯТТАН ЖҰРДАЙ МА?

**А** Елдос  
СЕНБАЙ

Ұялы байланыс операторлары осы аптада тарифін жаппай көтеретіні жариялап, елдің үрейін ұшырды. Бұқараның зәресін алған жеңе таяп қалғанда Цифрлық даму министрлігі тариф көтеру толқынын тоқтата алғанын хабарлады. Бірақ пәрмені оны тек 3 аптаға кідіртуге жетіпті. Ары қарай арыны қатты алпауыттардың тізгінін қоя бермек. Аңтарылған жұрт анти-монополиялық органға қарады. Ол саланың азуы алты қарыс алыптарына тісі неге батпағанын айтып, мәлімдеме жасады. Байланыс саласының басқа түйткілдері де әшкере болды.

## АЛПАУЫТ ӨЗІНЕ ЖОМАРТ, ЕЛГЕ САРАҢ

Ұялы байланыс монополистері тарифтерін жылына бірнеше рет жоғарылатады. Сонымен бірге түрлі сарапшыға, ұйымсымактарға түрлі «зерттеулерге» тапсырыс береді, олар алпауыттардың бұл қадамын жаппай ақтайды. Мысалы, Қазақстандағы ұялы байланыс тарифтерін дамыған елдермен, Еуропамен салыстырып, оларға қарағанда біздегі ең арзаны дегенге келтіреді. Шынында, Қазақстанды өз аймағымен — Орталық Азиямен салыстырса, ең қымбаты болып шығады.

Қыңқылтатыны, қымбат тариф жоғары сапаны білдірмейді. Азаматтар мобильді интернет жылдамдығының төмендігіне, елдің көп өңірінде ұялы байланыстың ауламайтынына наразы. Өткен аптада, мысалы, қазақстандық монополист Kcell-дің мобильді интернеті істемей, клиенттерін әуреке салды. Осыған орай компания басшысы елден кешірім сұрап, айыбын бонустармен жуып-шаюға уәде етті.

— Бірқатар абонентіміз желідегі ақауларға байланысты интернетке уақытша қосыла алмады. Бұл жағдай жабдықта болған техникалық қателік салдарынан кетті. Шұғыл түрде желіні қалпына келтіру жұмыстарын жүргіздік. Барлық қызмет штаттық режимде

## АНТИМОНОПОЛИЯ НЕГЕ АЗУСЫЗ?

Сонымен, 7 желтоқсанда Цифрлық даму министрлігі қазақстандықтарға қайырылып, «сүйінші» сұрады. «Байланыс қызметтерінің бағасы жылдың соңына дейін өзгеріссіз қалады», — деді. Еске сала кетейік, жыл соңына дейін 21 күн, тура 3 апта ғана қалды.

«Министрлік байланыс операторларымен талқылау нәтижесінде байланыс қызметтерінің қолданыстағы тарифтерін 2024 жылдың соңына дейін сақтап қалу туралы келісімге келгенін хабарлаймыз. Министрліктің бұл бастамасы азаматтар мен бизнеске қолдау көрсетуге бағытталған! Себебі байланыс құнының тұрақтылығы цифрлық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді», — деді ведомство.

Оның мәлімдеуінше, байланыс операторлары мемлекет бастамасына қолдау көрсетіп, «экономикалық қиындықтарға қарамастан», қолданыстағы тарифтерді сақтап қалуға дайын екенін білдіріпті. Мұндай «жомарттығына» айырбасқа олардың мемлекеттен нендей жеңілдік сұрағаны айтылмады.

— Байланыс — күнделікті өмірдің, жұмыстың және оқудың ұстыны. Байланыс қызметтерінің тарифтерін тұрақты деңгейде сақтау — азаматтар-



«Ұялы байланыс қызметтерінің тарифтік жоспарлары 2023 жылы бірден 57%-ға өскен. Ал 2021–2022 жылдары тарифтердің көтерілуі орта есеппен 13%-дан 37%-ға дейін болған. Яғни, бар-жоғы 2 жылдың ішінде тарифтер 90 пайызға көтеріліп отыр.

операторларының төл тарифтік жоспарларында қоңырау құнына 1 минуттық тілдесу үшін 18 теңге мөлшерінде бірдей баға белгілегені әшкере болды. Жыл соңында тағы өсірмек болды, жас министр оларды үш аптаға ұстап тұр. Содан соң тарифтің қымбаттауы ұялы операторлардың қымбатты клиенттеріне жасаған «жанажылдық сыйлығына», сүйкімсіз тосынсыяна айналатын түрі бар.

«2024 жылы бағаның өсу фактілері бойынша агенттік биылғы кезеңдегі баға динамикасына талдау жүргізетін болады. Оның нәтижелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен құқықтық шара қолданылады. Сондай-ақ агенттік 2024 жылғы желтоқсаннан тарифтерінің көтерілетіні туралы жариялануына байланысты ұялы байланыс операторларына бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзуға жол бермеу туралы ескертулер жіберген еді», — дейді анти-монополияшылар.

өзгеріп, қатандатылуға тиіс. Айта кету керек, ұялы операторлар биыл тарифті осыз да көтерді. Жыл соңында тағы өсірмек болды, жас министр оларды үш аптаға ұстап тұр. Содан соң тарифтің қымбаттауы ұялы операторлардың қымбатты клиенттеріне жасаған «жанажылдық сыйлығына», сүйкімсіз тосынсыяна айналатын түрі бар.

«2024 жылы бағаның өсу фактілері бойынша агенттік биылғы кезеңдегі баға динамикасына талдау жүргізетін болады. Оның нәтижелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен құқықтық шара қолданылады. Сондай-ақ агенттік 2024 жылғы желтоқсаннан тарифтерінің көтерілетіні туралы жариялануына байланысты ұялы байланыс операторларына бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзуға жол бермеу туралы ескертулер жіберген еді», — дейді анти-монополияшылар.

## АЙЫППҮЛҒА ДА АЙЫЛЫН ЖИМАЙДЫ

Ендігі бар үміт — Мәжіліс депутаттарында. Олардың ескірген заңнаманы жаңартатын мүмкіндігі бар. Бұл ретте ұялы байланыс тарифтерінің тоқтаусыз өсімін құрықтау туралы «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері бірнеше рет мәселе көтерген-тін. Өз кезегінде Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «Кейбір заңнамалық актілерге телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірледі. «AMANAT» фракциясының мүшесі Елнұр Бейсенбаевтың айтуынша, бүгінде ұялы операторлар тарифтерінің қымбаттауы Қазақстандағы әрбір азаматқа кесірін тигізеді. Себебі байланыс құралдарынсыз өмірімізді елестету қиын.

— Мобильді байланыс күнделікті тіршілігімізге дендеп енді. Ұялы байланыс тарифінің күннен-күнге қымбаттауы халықтың қалтасын қағып, тынысын тарылтып барады. Тарифтер жыл емес, ай санап өседі. Ұялы байланыс қызметтерінің тарифтік жоспарлары 2023 жылы бірден 57%-ға өскен. Ал 2021–2022 жылдары тарифтердің көтерілуі орта есеппен 13%-дан 37%-ға дейін болған. Яғни, бар-жоғы 2 жылдың ішінде тарифтер

90 пайызға көтеріліп отыр, — деді Елнұр Сабыржанұлы.

Өкінішке қарай, мобильді операторлар өзі би, өзі қожа. Қолданыстағы «Байланыс туралы» заңның 20-бабына сәйкес, операторлар байланыс қызметінің тарифтерін негіздей отырып, өзі белгілеп, өзі бекітеді.

Қарапайым мысал: егер қатардағы азамат өз баспанасын ішінен бөліп, баласына қосымша бөлме жасағысы келсе, алдымен мемлекеттен (сәулет, қала салу басқармасынан) міндетті түрде рұқсат алуға тиіс. Алмаса, үлкен айыппұл салынады. Бір топ депутат биыл сол үшін қылмыстық қудалау енгізуді де сұрап, депутаттық сауал жолдады. Ал егер ұялы операторлар елдің әрбір дерлік азаматына қатысы бар теріс қадамға барса, тарифін көтерсе, заң тіпті олардан Бәсекелестікті қорғау агенттігінің келісімін алуды да талап етпейді!

Байланыс алпауыттары заңды аяусыз бұзып, өрескел қателік жасады да, жазасы жеңіл: монополистік қызмет нәтижесінде тапқан заңсыз кірісінің небәрі 5%-ы алып қойылады. Қалған 95%-ын өзінде қалдырады. Сондықтан Е.Бейсенбаевтың пікірінше, оларға тарифтерін 59%-ға дейін көтеру, біраз жылдан кейін қылмысы дәлелденсе, 5%-дық айыппұл төлей салу әлдеқайда тиімді болып тұр.

## ПРОБЛЕМАСЫ КӨП САЛА

Айтқандай, Цифрлық даму министрлігі «Байланыс туралы» заңын өзгертетін жана заң жобада 2017 жылы жойылған «байланыс қызметінің тарифін мемлекеттік реттеуді» қайтаруды сұрап отырған жоқ. Оны қайтаруға Мәжіліс табандаса онды болар еді.

«Тарифтердің былайша жөнсіз көтеріле беруіне біріншіден, заңның жұмсақтығы, екіншіден, операторлардың нарықта монополиялық жағдайды иемденуі себепкер. Бұдан бөлек, операторлардың клиентке ескертпестен біржақты тарифтік жоспарды өзгерту, интернет-трафикті ұлғайту, бағасын қымбаттату фактілері жиі кездеседі. Тұтынушылардың шағымы негізінде тиісті министрлік Байланыс қызметін көрсету ережесіне тұтынушылар құқығын қорғау бойынша өзгерістер енгізген. Ұялы байланыс операторлары мұнымен келіспей соттасып, ол өзгерісті жойғызуға күш салып жатыр», — дейді депутат.

Жалпы, байланыс саласында шешілмей, жыл өткен сайын қордалана берген проблема көп. Мысалы, Президенттің «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен Цифрлық даму министрлігіне 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін байланыс операторларының көбілік кәрізге (кабельная канализация) толыққанды әрі тең қолжетімділігін қамтамасыз ету жүктелді. Ел байқаған шығар, олардың көбінің қақпақ-люгында «Қазақтелеком» деп таңбаланған.

Қазақстанда көбілік кәріздің жалпы ұзындығы 14 мың 449,59 канал/шақырым болса, соның басым бөлігі — 13 мың 510,679 канал/шақырымы «Қазақтелеком» АҚ-ына тиесілі. Бұдан басқа, республикада 100-ден астам субъектінің меншігінде телефондық көбілік кәріз бар. Алайда министрлік бүгінгі таңда мемлекет меншігіндегі және жекеменшік көбілік кәрізді жалға беру мәселелері шешілмеген күйінде қалғанын жеткізді. Салдарынан, нарыққа жана интернет провайдерлері, байланыс операторлары кіре алмайды. Президенттің Жарлығындағы тапсырма да уақытында орындалмай қалайын деп тұр.

Республикада әлі күнге интернет жетпеген ауыл жетерлік. 2023 жылы елде қалған 6 290 ауылдың шамамен 1,5 мыңына мобильді интернет те болмаған. Тағы 2024 ауылда тек бір ғана мобильді оператор бар. Тұтынушыда ешқандай таңдау жоқ. Содан кейін «қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» дегеннің кері келіп, операторлар қалаған бағасын қоймай қайтсін?! Осы және басқа мәселелер салаға арналған жана заң жобасы аясында шешілсе жөн.

Цифрлық даму министрлігінің дерегіне, қазақстандық байланыс нарығы ең қарқынды дамып келе жатқан сектордың бірі. Байланыс қызметтерін көрсетуден түсетін табыстың орташа жылдық өсімі мұнай және газ өндіру саласының даму серпініне теңесіпті. Ұлттық статистика бюросының хабарлауынша, 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте байланыс операторлары халықтың үстінен 1 триллион 3 млрд теңге табыс тапқан. Бұл бытырғыдан 12%-ға көп. Ендеше тарифті бір жыл көтермесе, оператордың ешқайсысы кедейленіп қалмайды, басқа да табысы жетеді.



жұмыс істеп тұр, интернет жылдамдығы реттелді. Компания атынан сіздерден уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймын! Сондай-ақ абоненттерге қосымша бонустар берілетінін хабарлаймын, — деді Kcell басшысы Аскар Жамбакин.

Кейбір азаматтың шағымдануынша, бонус дегені мазакқа көбірек ұқсайтын болып шықты. Компания жұмада, 6 желтоқсанда клиенттерге 5 ГБ бонус сыйлаған. Көп ұзамай, 8 желтоқсанда оны жоя салыпты. Құқық қорғаушы, қоғам белсендісі Саида Таукелова сол күні байланыстың жоқтығы салдарынан сот процесін кейінге қалдыруға тура келгенін айтады. Ұялы байланыс алпауытының жұмысындағы ақау, сөйтіп шұғыл шараларға кесірін тигізді.

— Kcell тарифін үнемі көтереді. Тарифпен бірге сапасын, қамту аймағын арттырса дұрыс қой. Қаланың мен тұратын ауданында Kcell ауламайды. Үйімде оның телефон байланысынан да, мобильді интернетінен де жұрдай болып қаламын. 5G-ді айтудың өзі ұят, 4G-ді де ұстамайды. Үйге келсем болды, байланыс аясынан тыс жерге тап боламын, ешкім маған қоңырау соға алмайды, — дейді елорда тұрғыны Дана.

дың мүдделерін қорғауға, әлеуметтік маңызды бастамаларды қолдауға деген ұстанымымыздың айқын дәлелі. Министрлік міндеттемелердің орындалуын қадағалауды жалғастырады. Елдің телекоммуникациялық инфрақұрылымын одан әрі дамыту шараларын қабылдайды, — деп уәде етті министр Жаслан Мәдиевтің командасы.

Шектен шыққан монополистердің табанына тас қоятын құзырлы орган қайда? Ол болса, ақталумен айналысып жүр. Айтуынша, шара қабылдайды, алайда сала алпауыттары онымен соттасып, талабын орындамайды. Салдарынан, бұл жолғы түгіл, бытырғы әділетсіз баға көтеруін «зансыз» деп тани алар емес.

— Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі 2023 жылы ұялы байланыс қызметтері бағасының өсу фактілерін қарау аясында «Kcell» АК (Kcell, Activ бренді), «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2/Altel бренді) және «КаР-Тел» ЖШС (Veelink бренді) операторларына қатысты тергеп-тексерулерді бастаған еді. Олар Кәсіпкерлік кодекстің 170-бабы бойынша «тарифтерін келісілген түрде көтеруіне» байланысты айыпталды. Сондай-ақ ұялы байланыс

Мұның сыртында, «Қазақтелеком» АҚ-дан ұқсас занбұзушылық белгілерінің табылуына байланысты да тергеп-тексеру басталды. Бұдан нәтиже шыға ма? Неғайбыл. Анти-монополиялық орган тегеурінді қимылдап, тәртіп бұзуды тыю үшін заң түбегейлі



## РУХАНИЯТ

10 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ



# КҮРЕСКЕР АҚЫН, КЕМЕЛ ҒАЛЫМ

Ұлттық әдебиет пен әдебиеттану ғылымында үлкен із қалдырған тандаулы таланттардың бірі ғана емес, бірегейі деуге тұратын тұлғалар қатарында ақын, жазушы, ғалым Бүркіт Ысқаков тұруға лайық.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханнан жеткен: «Ұлтқа қызмет ету — білімнен емес, мінезден» деген қанатты сөз бар. Ұлтының мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын ақын болу үшін қайтпас қайсар мінез керек. Бөкене ғана бойлы, әрқашан сабырлы, салмақты қалпын сақтап өткен Бүркіт ағамыздың отты жырларынан жарқылдаған көк семсердің жүзіндей қайраулы мінезі көрініп-ақ тұрушы еді.

Бүркіт ағамыздың алғашқы өлеңдері балаңдау кезінде жазылыпты. Мектепте үздік оқыған ол екінші жаһандық соғыстың алдында екі жылдық Қарағанды оқытушылар институтына түседі. Оны бітірген соң әскер қатарына шақырылып, жастық шағын сұрапыл соғыстың қанды шайқастарында бораған оқ пен қаулаған өрттің ортасында өткізеді. Қаһарлы жылдарда отаншылдық рухы аттандап тұрған азаматтық лирикаға ден қояды.

Соғыстан кейін Бүркіт аға Алматыға келіп, Қазақ мемлекеттік университетінде оқиды. Астаналық ортада ойы да, білімі де өбден толысқан Бүркіт оны ойдағыдай тәмамдаған соң қамқор ағаларының алқауымен ғылыми жолды тандап, қазақ-татар әдеби байланыстары тақырыбын зерттеуге кіріседі.

Ол — соғыс ерте есейткен ұрпақтың өкілі. Қазақтың тең жарымын жалмаған зұлмат ашаршылық пен ұлт зиялыларын баудай түсірген отыз жетідегі қанды репрессияның ызғары жүрегі «Елім» деп соққан азаматты саяси күрес арнасында әкеледі.

Жас Бүркіт басқаны былай қойғанда, Кеңес өкіметін өз қолдарымен орнатысып, жаңа социалистік заман әдебиетінің негізін қалаған Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің «халық жауы» деген жалған жаламен атылып кеткенін білсе де, қиындыққа қасқая қарсы тұрып, поэзияда солар салған үлгімен отты жырлар жазады. Ол қазақтарға орны толмас қайғы-қасірет әкелген коммунистік жүйеге қайсар рухты жырларымен ғана емес, табанды күрескерлігімен де қарсы шықты.

Бүркіт Ысқаков — қазақ поэзиясына өзіндік өрнекпен келген ақын. Оның поэтикалық шығармашылығы диссертациялық деңгейде арнайы зерттеуді қажет етеді.

Ол, ең алдымен, балалар әдебиетінің тандаулы өкілі. Қазақтардың талай буынын тәрбиелеумен келе жатқан: «Отан — сенің ата-анаң, Отан — досың, бауырың» атты ғажап жырдың авторы дәл осы Бүркіт Ысқаков екенін жұрттың бәрі біле бермеуі мүмкін.

Бүркіт — Қазтуған мен Доспамбеттен келе жатқан азаттық жырының, патриоттық поэзияның ақиығы. Сәкеннің «Азия» дейтін Еуропаға қарата айтылған, ишарасында орыс отаршылдығын өлтіре сынайтын Мағжанның ғұн туралы астарлы жырымен астасатын керемет өлеңі болған. Мағжан мен Сәкен «халық жауы» ретінде атылып, олардың атын атауға тыйым салынған кезде Бүркіт ақын ағалардың ізімен «Үндістан» деген жыр жазады. Оның:

«О, Үндістан, ұлысын,  
Ұлылығың құрысын!  
Құрысын демей қайтейін,  
Ағылшынның құлысын», —

деген өлеңіндегі екі сөздің орнын ауыстырып оқитын болсаңыз, қазақ халқының орыс отаршылдығына қарсы күресі туралы отты жыр қоламптадан шыққан оттай жайпап шыға келеді.

Бүркіт ақын мұнымен де тоқтамай:  
«Оят, тұрғыз ұйқыдан,  
Ұлдарыңның тірісін!  
Отаршылдың бұлауы  
Қиратысын үзілісін.  
Қанаушылық қамалы,  
Талаңдалсын, бұзылсын», —

деп кара түнекті қас айырып, ғұндай айбаттанып, күндей күркірейді.

Алаштың арқалы ақыны Міржақыптың «Оян, қазағым» үндес бұл аса қуатты жыр соғыстан енді ғана ес жинаған қазақтардың жас, тегеурінді буынын оянуға, серпілуге, саясат майданына шығуға шақырады. Бұл қарсылық біртіндеп өз перзенттерін жалмауға көшкен социалистік жүйеге, коммунистік идеологияға

сол кезде «халық жауы» деген жалған жаламен атылған, шығармалары барлық кітап сөресінен жинап алынып, оқуға тыйым салынған Сәкен, Ілияс, Бейімбеттермен қатар Ахмет Байтұрсынұлының «Масасы» мен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағын» ұстаздары Айтбай Нәрешевтің кітапханасынан алып, қызыға-құмарта танысады. Махмет аға бұл туралы: «Алаш көсемінің білгеніміз біздерді ерекше рұхандырып жіберді. Алдағы уақытта сол Алаш азаматтарының жолын қуып, туған еліміздің азаттығы, бостандығы үшін күресуге бел будық», — деп жазады («Егемен Қазақстан», 2011 жыл, 27 ақпан).

Тегеурінді жырлар нәулетек жастарға қатты әсер етеді. Отты жырмен ояңған өршіл рухтың әсерімен олар әуелі «Жас қазақ», кейін «Елін сүйген ерлер партиясы» (ЕСЕП) деп аталған Қарағанды жастарының ұйымын құрады.

Махмет ағаның айтуынша: «ЕСЕП» партиясының мүшелері деп мына төмендегілерді есептеді: Бүркіт Ысқаков (көсемі), Махмет Теміров (орынбасары), Елеш Бимағанбетов, Дәкен Шалабеков, Аманжол Дүйсенбаев, Әшім Сүлейменов, Жанайдар Әубәкіров. Бұлар — институтта оқып жүрген студенттер». Кейін бұл топ Зейнолла Әбділин, Бейсембай Жақсылықов, Асығат Рүстемов, Жаппар Өмірбеков сияқты отаншыл жастармен және олар шыққан аудан, ауылдың жігерлі жігіттерімен толыға түседі.

Көп ұзамай соғыс басталып, ұйым жетекшісі Бүркіт Ысқаков 1942 жылы майданға аттанады. Кеңес армиясы зор шығынға ұшыраған соғыстың алғашқы жылдарында олармен көп ешкімнің жұмысы болмаған сияқты. Жаудың беті қайтып, ел есін жинай бастаған 1944 жылы НКВД қызметкерлері қарағандылық жастарды қамауға алуды бастап, Бейсембай Жақсылықовты 10 жылға

Іглікүлі Қарағандыда студент болып жүрген алпысыншы жылдары «елін сүйген ерлердің» ерлік жолын жалғастырады. Олардың беделі жастар арасында бел алып, азат ойлары кеңінен тарай бастағанда КГБ-нің тіміскілері қамауға алып, екеуін де түрлі мерзімге бас бостандығынан айырады. Қайтпас қайсар Кемел аға 1966 жылы бостандыққа шыққан соң ұстаздығын жалғастырып, сонына мол әдеби мұра қалдырды.

Тағдыр менің маңдайыма өмірімнің әр кезеңінде Бүркіт Ысқаков, Жекен Қалиев және Кемел Жүністеги сияқты абзал ағалардың соңына ерген рухтас інісі болуды жазыпты. Олар өмірінің ең бір сұрқай кезеңі туралы көп айтуды қаламайтын. «Біз Алаштың ісін жалғастырдық» деп кеуде сокқанын да көрген емеспін. Еліміз тәуелсіздік алып, ойға, сөзге еркіндік берілгенде де кең көсілген естеліктер жазбады. Бірақ елін шынайы сүйген, басын бәйгеге тігіп, тәуелсіздікті жақындата түскен есіл ер, асыл ағалардың есімін бүгінгі ұрпақ ұмытпауға тиіс.

Бүркіт Ысқаков «жазасын» сол кездегі Қарағанды облысы Жезқазған қаласының іргесіндегі Кенгір поселкасында орналасқан ерекше лагерь деп аталатын «Степлагта» өтеді. Репрессия күшейген кезде 30 мыңға жуық адам ұсталған бұл лагерьдегі тұтқындардың саны тұтас қаланың халқымен шамалас еді. Оған қамалған поляк, неміс, украин, латыш, эстон тағы

басқа халықтардан шыққан саяси тұтқындар 1954 жылы атакты Кенгір көтерілісін жасайды. Мұның бәрі жас Бүркіт одан әрі шыңдап, алған бағытының анықтығына деген сенімін күшейте түседі.

Ақынды «Степлагтағы» азап та, күн сайын адам рухын жаныштауға арналған тозақ та жасыта алмайды. Ширек ғасырға сотталып, күн сайын ұстараның жүзіндей қылпылдаған өмір мен өлімнің ортасында жүрген ақын мұнда да қаламын қаруға айналдырып, сертке соғылған семсердей сұсты жырларын жазады. Сталиндік жалмауыз жүйенің түрмесіне қамалып,



**Оның барлық өлеңдері жүрек қанымен жазылған. Оқығанда көзіңнен жас тамады. Ол маған сұм соғыстың бар қасіретін өзінің жанып тұрған жүрегінен өткізген Данко сияқты алауға айналған адам болып көрінеді. Егер сыйлыққа бір ғана есім лайық болса, онда ол Мұса Жәлел болуға тиіс. Ақынның қайтыс болғаны сылтау болмауы керек. Ол соғыстың өзге де қаһармандары сияқты тірі, әрқашан бізбен бірге өмір сүретін болады.**

соттап, кейін белгілі жазушы атанған Жаппар Өмірбековті бір жыл түрмеге жабады.

Қан майданнан аман-есен оралып, Қазақ мемлекеттік университетіне түскен Бүркіт пен сол кезде Шет тілдер институтында оқитын Махмет «ЕСЕП» партиясының идеяларын жоғары оқу орындарында оқитын алматылық студенттер арасында таратады. Оған кейін қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерілген Жекен Қалиев бастаған Мұстахам Азанбаев, Рамазан Нәрешев, Адырбек Аманқұлов сияқты бір топ студент жастар қосылады.

Саяси репрессия қайтадан күш алып, оның екінші толқыны белең алған 1951 жылдың 18 қаңтарында Б.Ысқаков пен М.Теміров ұсталып, түрмеге жабылады. Мұның соңы Б.Ысқаков, М.Теміров пен Айтбай Нәрешевтерді 25 жылға, ал М.Азанбаев, Р.Нәрешев, Ж.Қалиев, А.Аманқұловтарды 8-10 жылға соттап, сталиндік лагерьлерге айдауға жіберілумен аяқталады.

Олар Сталин өліп, оның жантүршігерлік қылмыстарын әшкерелеген 1956 жылғы тарихи съезден кейін толықтай ақталып, бостандыққа шығады.

«ЕСЕП» партиясының идеялары мен саяси ықпалы қарағандылық жастар арасында терең тамыр жіберген екен. Олардың жазықсыз жапа шегіп, айдауға түсіп, атылып кетуден әрең аман шыққанына қарамастан кейін құрметті ұстаз, қарымды қаламгер ретінде танылған Кемел Жүністеги мен Зейнолла

Ақынның тар қапаста жазған:

«Қайғының қара қанжары,  
Қадалып ғазиз жүрекке,  
Жараланып жас жаным,  
Отырмын оймен түнекте», —

деген жырлары өзі қамауда, қолы бұғауда болса да, ойы азат ақынның қайсар рухынан хабар береді. Оны осы жырдың келесі жолдарындағы:

«Есіңде болсын бірақ та,  
Торғай емес, бүркітпін», —

деп есесі кеткен жауына түз бүркітіндей қаһар шашқан өр мінезден аңғарамыз.

Мен Бүркіт ағамыздың өмір тарихын, әсіресе «ЕСЕП» партиясы мен Степлагтағы қасіретті кезең туралы әңгімелерін өз аузынан естіген адаммын. Солар ұмытылып қалмау үшін осыдан ширек ғасырдай уақыт бұрын «Ағаның асыл бейнесі» атты естелік жазып, оны лагерь суреттерімен қоса жариялаған едім.

Азаттыққа шыққан ақын шығармашылықтың екі тізгін, бір шылбырын берік ұстап, қазақ-татар әдеби байланыстары тақырыбынан кандидаттық диссертациясын зор табыспен қорғайды. Кейін, 1976 жылы академик Серік Қирабаевтың жауапты редакторлығымен «Қазақ-татар әдеби байланысы» атты іргелі еңбегін жариялайды. Бұл — арада жарты ғасырға дейін уақыт өтсе де ғылыми құндылығын әлі күнге дейін жоймаған классикалық монография.

Бүркіт Ысқаков қазақ-татар әдеби байланысы тақырыбын тегін тандамаған.

Ол кезде қазақ әдебиетінің революциядан бұрынғы кезеңінің тарихы қанатынды оп-оңай шалдырып алатын жанып тұрған оттай қатерлі тақырып болатын. Бұл үшін өзі түрмеден кеше ғана шыққан айдамет ақынның мойнына ұлтшылдық қамытынын қайыра кигізілуі де өбден мүмкін еді.

Ол қазақ тарихының азуын Қытайдай алып айдаһарға білеген Көк түрік кезеңі мен ормандай көп орысты табанында ұстаған Алтын Орда дәуірін көрсету үшін оған түбі бір туысқан халықтардың әдеби байланысын зерттеу арқылы келген. Біз мұны автордың алғы сөзде тамыры терең қатынастарды төрт кезеңге бөліп, оның алғашқысы «...қазақ-татар халықтарының жалпы түркі тұқымдас халықтардың құрамында — Түрік қағанаты, Дәшті-қыпшақ одағы, Алтын Орда хандықтары қол астында тайпа-тайпа болып өмір сүрген кезі. Қазақ-татар әдебиеттерінің көптеген ортақ нұсқалары — ауыз әдебиеті үлгілері мен көне әдебиет ескерткіштері негізінен осы тұста жасалған» деген жолдарынан айқын аңғарамыз (Ысқаков Б., Қазақ-татар әдеби байланысы, А., 1976, 16-бет).

Бүркіт Ысқаковтың бұл зерттеуі кітабы дәл осы тақырыпқа жазылған кейінгі буын ғалымдарына бағыт-бағдар сілтеген бірегей еңбек болды. Тыңнан түрен салған монографиясы үшін Бүркіт Ысқаковқа қорғатпай-ақ докторлық атақ беруге болар еді, бірақ ол ғылыми ізденістерін талмай жалғастырып, тақырып аясын кеңіте түсті. Қазақ-татарға қоса, қазақ-башқұрт әдеби байланыстарына, жалпы түркітілдес халықтар әдебиетіне қатысты жаңа ғылыми еңбектер жариялады.

Ағысқа қарсы жүзіп, қиындық атаулыны қиналмай еңсеретін Бүркіт ағамыз сексенінші жылдардың ортасында жасының алпыстан асқанына қарамастан «Қазақ және Еділ бойы халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары» деген тақырыпта докторлық диссертация жазуға кіріседі. Ғалым бұл жолы түбі бір, рухани, әдеби қайнары ортақ туысқан халықтардың халық ауыз әдебиетіндегі жалпы сарындар мен орыс отаршылдығына қарсы күрестерде туындаған азаттық жырларын тереңдете зерттейді.

Тақырыпты жаңа заман әдебиетімен үндестіре қарастырған іргелі еңбек ғалымның көзі тірестінде жарияланып үлгермесе де, ұстаздың адал шәкірттерінің көмегімен ол қайтыс болған соң арада 16 жыл салып 2007 жылы әдеби жұртшылықпен табысты.

Ғалым Б.Ысқаков алғашқы монографиясында түркі тілдес халықтар әдебиетінің көне қайнарларына көбірек үнілсе, кейінгісінде қазақ, татар, башқұрт халықтарының Ресейге бодан болғаннан кейінгі әдебиетін олардың азаттық жолындағы күресімен астағыра зерделейді.

Туысқан халықтар әдебиеті байланыстарын 4 тарауға бөліп талдаған ғалым оның кейінгі үш бөлігіне: Ресейге отар болған, XX ғасырдың басы және Казан төңкерісінен кейінгі кезеңдеріне кеңірек тоқталып, бұл кезеңде әдебиеттің басты тақырыбы рух азаттығы үшін арпалыс екенін астарлай көрсетеді.

Бүркіт Ысқаков ғылым кандидаты дәрежесінде дүниеден өтсе де, соңына доктор, профессордың деңгейіндегі мол ғылыми мұра қалдырды. Ғалымның шәкірттері ағаның асыл мұрасын тақырып бойынша жүйелеп, жіктейтін болса, олардан көп томдық бірегей басылым шығатыны анық.

Саяси күреске жас кезінен араласып, ертерек шыңдалған Бүркіт ағамыз жазықсыз қуғын-сүргінге түскен ұлтымыздың қайсар рухты қайраткер перзенттерінің еңбектерін насихаттауға да бел шеше атсалыды. Ол Кеңес Одағы мен СОКП әлі құламай тұрып, 1989 жылы академик Рымғали Нұрғалиевтің бас редакторлығымен жарық көрген «Қазақ ССР» қысқаша энциклопедиясының 4-томына арнап «Репрессия» және «Реабилитация» деген екі мақала жазды.

Бұл мақалада репрессияның үш толқыны: 1925-1929, 1937-1938, 1951-1953 жылдар түгел қамтылып, оның шеңгеліне түскен жүзге жуық қайраткер тұлғалардың өздері ғана емес, олардың ешбір жазықсыз қудаланған аяулы жарларының да аты-жөні аталады.


Бүркіт Ысқаков — қазақ поэзиясы мен әдебиеттану ғылымында ғана емес, еліміздің саяси тарихында елеулі із қалдырған қайраткер тұлға, күрескер ақын, кемел ғалым. Оның өнегелі өмірі мен өрнекті мұрасын бүгінгі ұрпақ ұмытпауға тиіс.

Суреттерде: 1. торға түскен жас Бүркіт. Степлаг, 1951 жыл; 2. азапқа толы төрт жылдан соң. Степлаг, 1955 жыл.

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,  
Ұлттық ғылым академиясының академигі



10 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ



## МӘСЛИХАТ МҮДДЕСІ – ХАЛЫҚ МҮДДЕСІ

Бүгін – Қазақстан тарихында айтулы дата. Еліміздегі Мәслихат институтының құрылғанына – 30 жыл. 1993 жылдың 10 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» заңы қабылданып, бұған дейін жергілікті мәслихат қызметін атқарып келген халық депутаттары кеңестерінің уәкілеттігі өкілді орган – мәслихаттарға берілді. Осы мерекелі күнге орай Павлодар облыстық мәслихатының кешегі тарихы мен бүгінгі тынысына көз жүгіртіп өткен едік.

**Нұрлан ҚОСАЙ**

### БИЛІК ПЕН БҰҚАРА АРАСЫН ЖАЛҒАҒАН КӨПІР

Жалпы, мәслихат – белгілі бір әкімшілік-аумақтық бөлініс қарамағындағы аймақтың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді орган. Ол сол өңірдегі сайлаушылардың мүдделерін қорғап, мәселелерін көтеріп, талап-тілектеріне құлақ түріп, өмір сапасын жақсартуға бағытталған істердің жүзеге асуына жауапты. Сонымен қатар аумақтағы мемлекеттік жобалардың барысын бақылап, кем-кегігіне қатысты ескерту жасап, барлық жағдайды басты назарда ұстайды. Осы 30 жыл уақыт аралығында Ертіс өңіріндегі аудан-қалалық, облыстық мәслихат депутаттары бірнеше шақырылымда сайланып, халықтың әлауқатын жақсартуға бағытталған келеді істерді атқарып келеді. Алғаш заң шыққаннан кейін 1994 жылдың 7 наурызында республика бойынша мәслихат депутаттарының сайлауы өткен болатын. Павлодар облысында 49 сайлау учаскесінде дауыс беру ұйымдастырылып, тұрғындардың таңдау нәтижесінде депутаттар тобы жасакталып, облыстық мәслихаттың алғашқы шақырылымы қалыптасты. Бірінші шақырылған облыстық мәслихаттың хатшысы болып Анатолий Наумыч сайланды. Кейін Тельман Айтқазин, Ринат Гафуров, Манат Көбенов, Владимир Берковский, Бақыт Бексейітова, Ернұр Әйтқенов жетекшілік етті. Алдыңғы буынның қызметтік жолын бүгінде Илья Теренченко жалғастырып отыр.

«Мәслихаттардың негізгі өкілеттілігі – жергілікті мәселелерді шешу, Конституцияны негізге ала отырып, жергілікті халықтың еркі мен мүддесін білдіру. Олар халық пен билік арасындағы көпір іспетті. Сондықтан мәслихат депутаты адамдардың сенімі мен үмітін арқалап, мәселені көтеру, шешу жолын қарастыра білуі керек. Міне, мен облыстық мәслихатқа басшылық еткен жылдары осы қағиданы негізге алып жұмыс істедім. Ең алдымен азаматтарды, депутаттарды жеке қабылдаудың тұрақты кестесін құрдым. Бұл – жұртшылықпен тікелей байланыс орнаттып, маңызды мәселелерді депутаттардың бақылауына алуға мүмкіндік берді. Біздің шақырылымдағы облыстық мәслихат депутаттары ауланы абаттандыру, халыққа жүйелі қызмет көрсету, автомобиль жолдарын қалыптастыру сияқты бірқатар өзекті мәселелерді шешуге атсалысты», – дейді Павлодар облыстық мәслихатының III-IV шақырылымдағы хатшысы Ринат Гафуров.

Облыс архивінде сақталған мұрағаттық құжаттарға зер салсақ, облыстық мәслихат алғашқы отырысынан-ақ әлеуметтік-экономикалық мәселелерді алдыңғы қатарға қойғаны байқалады. Мәселен, 1994 жылдың екінші жартыжылдығына белгіленген жұмыс жоспарының қатарында қылмыспен күрес, экологиялық жағдай, табиғатты қорғау шаралары, экономикалық аймақты дамыту, ауылдағы ағайынды бірінші кезекте керек азық-түлікпен және басқа да тауарлармен қамту күн тәртібінде болғанын аңғарамыз. Сонымен қатар облыстағы мектептерді дамытудың 1994-2000 жылдарға арналған жоспары, мектепке дейінгі тәрбие беру, тұрғындарға, әсіресе оқушыларға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын жақсарту, аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік тұрғыдан қолдау сынды тағы да басқа мәселелер де депутаттардың басты қарауы мен талқылауында болған. Одан кейінгі жылдарда да мәслихат хатшысы бастаған депутаттар тобы түрлі мәселелерді көтерді. Олардың қатарында қай уақытта болмасын «өшпейтін» өзекті мәселелер – ағаш кесу, жарықтандыру, әлеуметтік нысандар мен жолдарды жөндеу бар. Бұған дейінгі жеті шақырылымда сайланған



халық қалаулыларының жұмысын жалғастырып келе жатқан бұл шақырылым өкілдері де осы және өзге де өткір жайттардың түйінін тарқатуға қолдан келгенше еңбек етіп келеді.

### VIII ШАҚЫРЫЛЫМДА ӨЗГЕРІС КӨП

Облыстық мәслихаттың қазіргі құрамы 2023 жылдың наурыз айында жасакталған екен. Ондағы депутаттар елімізде жанадан енгізілген мажоритарлық-пропорционалдық жүйе аясында мандатқа ие болды. Яғни, депутаттардың жартысы бірмандаттық сайлау округі бойынша таңдалса, қалған жартысы партиялық тізімге сәйкес депутат атанды. Сондай-ақ бұл шақырылымның басты ерекшелігі – көппартиялық екендігінде. Қазіргі облыстық мәслихат құрамында «AMANAT» партиясының 21, «Ауыл» партиясының 3, AqJol және Respublika партияларының 2, Қазақстан халық партиясының 1 өкілі бар. Сонымен қатар 1 депутат өзін-өзі ұсыну арқылы мәслихат сапына енді.

«Жалпы, VIII шақырылған Павлодар облыстық мәслихатына қатысты алғашқы



**Мәслихаттардың негізгі өкілеттілігі – жергілікті мәселелерді шешу, Конституцияны негізге ала отырып, жергілікті халықтың еркі мен мүддесін білдіру. Олар халық пен билік арасындағы көпір іспетті. Сондықтан мәслихат депутаты адамдардың сенімі мен үмітін арқалап, мәселені көтеру, шешу жолын қарастыра білуі керек.**

### ӨНІР ТЫНЫСЫ – ДЕПУТАТ НАЗАРЫНДА

және жалғыз деген сипаттамаларды жиі айтуға болады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін бірқатар дерек келтіре кетсем, біздің орган жаңғырудың кешенді жоспарын әзірлеп, соның аясында жұмыс атқарып келеді. Павлодар облысы – мәслихаттың жаңғырту жоспарына авторлық құқық алған еліміздегі жалғыз аймақ. Осы жаңғыртудың аясында мәслихат жүйесіне бірқатар өзгеріс енгізіліп отыр. Мәселен, әдетте өзге өңірлердегі мәслихаттар жанынан 5-6 тұрақты комиссия құрылса, біздің аймақта 7 комиссия жұмыс істейді. Сол сияқты біздің облыста ғана мәслихат жанынан төрт бірдей депутаттық топ құрылған. Бұл ретте павлодарлық депутаттардың Сенат және Мәжілістің жұмыс топтарына да қатысып, ұсыныстарын айтып, ой-пікірін білдіретінін де ерекше атап өткен жөн. Сонымен қатар тек біздің облыста «Ауыл» партиясының жеке фракциясы бар. Биыл наурыз айында жеке фракция құру туралы шешім қабылданып, оның басшысы ретінде тәжірибелі

тапшылығы жоюға мүмкіндік береді. Жолдар мен коммуникацияларды жөндеу сапасын бақылау да маңызды. Комиссия отырыстарында коммуналдық шаруашылық нысандарын дұрыс пайдаланбау, бұл мәселені цифрландыру мен тарифтерді оңтайландыру арқылы шешу де қаралды. Осындай ауқымды жұмыстың нәтижесінде ірі жобалардың шатқаяқтап қалуына жол берілмей, бірнеше инфрақұрылымдық жоба іске қосылды», – дейді Павлодар облыстық мәслихат депутаты Александр Толмачев.

Депутат әрі құрылыс саласының өкілі ретінде Александр Николаевич саладағы ескі коммуникациялар мен әбден тозығы жеткен инженерлік желілер мәселесін ұдайы назарында ұстайды. Бұлар құрылыс өңірдің дамуына тежеу болып отыр деп санайды. Соның салдарынан су, кәріз, электр энергиясы желілері жүктемені көтере алмауда. Тағы бір маңызды мәселе – «сур» құрылысшылар. Облыс аумағында сенімді құрылыс компаниясын табу қиын. Кейбірінің тиісті рұқсат қағаздары мен кепілдіктері болмаса, енді бірі міндетіне селкес қарайды. Кей кездері техникалық бақылау өкілдері олқылықтарға көз жұмып, оның соны сапаға кері ықпалын тигізеді. Осы сынды күрмеулі жайттар аз емес. Сондықтан да инвестициялық климаттың жақсаруына ден қойып, жергілікті құрылыс компанияларын қолдауға мән берген дұрыс. Бұл мәселеге кешенді көзқараспен қарау керек.

Өкілетті орган халықпен арадағы байланысты нығайта түсу үшін ақпараттық барлық мүмкіндікті пайдаланып отыр. Дәстүрлі БАҚ-пен тығыз қарым-қатынас орнаған. Облыстық газет, телеарналарға арнайы айдарлар мен бағдарламалар бар. Мәслихат сайты жүйелі жұмыс істеп тұр. Әлеуметтік желілер де кен қолданыста. Одан да өзге бастамалар аз емес.

«Мәслихат өкілдері халыққа жақын болуы мақсатында түрлі бағыттағы жұмыс атқарылады. Соның бірі – партиялық тізімдер бойынша сайланған депутаттарды округтер бойынша да бекіту. Яғни, әр депутаттың жауапты аумағы бар. Сол аумақтағы барлық мәселені басты назарда ұстауға тиіс. Мәслихаттарды жаңғырту жұмысының аясында аптаның әр жұмасы күні OpenAkimat алаңында азаматтарды қабылдаудың бірінші күні өтеді. Сонымен қатар депутаттар Мемлекеттік басқару академиясында біліктілігін арттырып, білімін толықтырып келеді. Осындай жұмыстың барлығы депутаттар пен сайлаушылар арасындағы байланысты нығайта түсуі үшін маңызды», – дейді И. Теренченко.

Облыстық мәслихат өкілдерінің алдағы уақытқа белгілеген жоспары ауқымды. Бірінші кезекте азаматтардың талап-тілектеріне құлақ түріп, олардың мәселелерін шешуге ары қарай да мән бермек. Айталық, жаңғырту аясында Бас прокуратурамен бірлесіп Halyk Tumar мобильді қосымшасы іске қосылды. Бұл – құқықбұзушылықтарды бақылау мен қадағалауға арналған жоба. Яғни, депутаттар осы қосымшаға түскен шағымдар бойынша да жұмыс істей алатын болады. Осы орайда азаматтармен әлеуметтік желі арқылы байланыс та күшейе түспек.

Былтыр 120 мыңнан астам аккаунт, 300-



тарында қалалық қазандықты пайдалануға беру мәселесі бар. Биыл көктемдегі сынақ жұмыстарынан соң онда технологиялық ақаулар анықталды. Мердігер мен техникалық аудит өкілдері құл шығару жүйесін өзгерту мүмкіндігін қарап жатыр. Бұл шаралар олардың өз қаражаты есебінен жүргізіледі. Келесі сынақтар жоба өзгертіліп, қайта мақұлдаудан өткен соң ғана жүргізіледі. Бұл төртінші сынақ болмақ. Қазандық әу баста белгіленген параметрлерге жетпегенше, тапсырыс беруші оны қабылдамайды. Ал өзіндегі шағын шаһар феррокорытпа зауытының ескі қазандығы арқылы жылытылып отыр. Қаланың жақында тағайындалған әкімі Болатбек Шәріповтің алдында зор міндет тұр», – дейді депутат.

### ЖАҢА ҚҰРАМ – ЖАҢАША ФОРМАТ

Естеріңізде болса, елімізде барлық деңгейдегі мәслихаттар сайланғаннан кейін бір ай өткенде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев аудан, қала, облыс

әкімдерін, барлық деңгейдегі мәслихат төрағаларын жинап, Астанада алқалы басқосу өткізген болатын. Елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамыту жөнінде кеңейтілген отырыста Мемлекет басшысы биліктің әр тармағына міндеттерді айқындап берді. Барлық деңгейдегі мәслихат төрағалары мұндай деңгейдегі жиынға алғаш рет қатысты.

«Бізге жүктелген ең басты міндет – жергілікті халықтың мүддесін қорғау. Президент депутаттар күнделікті жұмыстарын сайлаушылардың өзекті мәселелерін шешуге арнау керектігін атап өтті. Кәсібилік, жауапкершілік танытуымызды тілге тиек етті. Әкімдіктермен тығыз байланыс орнатуымызды жүктелді. Барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарына сенім артты. Міне, сол сенімді ақтау үшін әрекет жасап, заманға сай жаңа форматта жұмыс істеудіміз. Мәселен, облыстық мәслихаттың бұрынғы шақырылымдарында әрбір тұрақты комиссия өзіне тиесілі тақырыпты өздері ғана талқылап, бір топтамаға келетін. Қазір біз мұндай жұмыс жүйесінен жаңа форматқа көштік. Яғни, сессия отырысына дейін депутаттар қай комиссияға қарасты болса да, аймақтың өміріне қатысты мәселелердің барлығына араласады, талқылайды. Егер бұрынғыша жалғастырсақ, депутаттар өңірдің өміріндегі кейбір өзгерістерді, кей саладағы жаңашылдықтарды сессияда көктем түскендей енді ғана естіп отыра береміз. Мұндай олқылық болмауға тиіс. Депутат айналадағы барлық тақырыптан хабардар болуы керек. Сондықтан басты міндетіміз – қарамағымыздағы 32 депутатты ортақ іске ұйыстыра білу», – дейді облыстық мәслихат төрағасы Илья Теренченко.

Өкілетті орган халықпен арадағы байланысты нығайта түсу үшін ақпараттық барлық мүмкіндікті пайдаланып отыр. Дәстүрлі БАҚ-пен тығыз қарым-қатынас орнаған. Облыстық газет, телеарналарға арнайы айдарлар мен бағдарламалар бар. Мәслихат сайты жүйелі жұмыс істеп тұр. Әлеуметтік желілер де кен қолданыста. Одан да өзге бастамалар аз емес.

«Мәслихат өкілдері халыққа жақын болуы мақсатында түрлі бағыттағы жұмыс атқарылады. Соның бірі – партиялық тізімдер бойынша сайланған депутаттарды округтер бойынша да бекіту. Яғни, әр депутаттың жауапты аумағы бар. Сол аумақтағы барлық мәселені басты назарда ұстауға тиіс. Мәслихаттарды жаңғырту жұмысының аясында аптаның әр жұмасы күні OpenAkimat алаңында азаматтарды қабылдаудың бірінші күні өтеді. Сонымен қатар депутаттар Мемлекеттік басқару академиясында біліктілігін арттырып, білімін толықтырып келеді. Осындай жұмыстың барлығы депутаттар пен сайлаушылар арасындағы байланысты нығайта түсуі үшін маңызды», – дейді И. Теренченко.

Облыстық мәслихат өкілдерінің алдағы уақытқа белгілеген жоспары ауқымды. Бірінші кезекте азаматтардың талап-тілектеріне құлақ түріп, олардың мәселелерін шешуге ары қарай да мән бермек. Айталық, жаңғырту аясында Бас прокуратурамен бірлесіп Halyk Tumar мобильді қосымшасы іске қосылды. Бұл – құқықбұзушылықтарды бақылау мен қадағалауға арналған жоба. Яғни, депутаттар осы қосымшаға түскен шағымдар бойынша да жұмыс істей алатын болады. Осы орайда азаматтармен әлеуметтік желі арқылы байланыс та күшейе түспек.

Былтыр 120 мыңнан астам аккаунт, 300-



ТАҒЫМ

10 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ



Тірі болсан 2014 жылдың 20 желтоқсанында сексеннің сеніңгіре шығып, ел болып, жұрт болып тойлап жатқан едік...

— Біреуін шығарсаң сәл ызындап үн Мен байқұс бозторғайдай шырылдадым, —

деп жырға қосқан бес перзентіңді сол өмір өзенінің тереңіне батырмай, ағынына жібермей, сенің бастырмай жетімдік пен жесірліктің гөй-гөйін бір адамдай тартсаң да, аман-есен жағаға алып шықтың...

— Кайдасың сен, сүйкімді қыз, отты көз, Бір басыңнан тауып өдім көп мінез, — деп алақаныңа салып, аялап өткен жарың менің де денсаулығыма ақау түсті...

Тамшы жаста ұлан-асыр бақыт та бар, қайғы бар.

Бір тамшы жас шаттық сеуіп көңіліңді жай қылар.

Бір тамшы жас адамдарды жоқтауға де жетеді,

Бір тамшы жас адамдарды соттауға да жетеді.

Мұндағы мақсатым — бұқара халықтың назарына ілінбей қалған жыр жолдарыңды оқырманның құлағына іліп қою.

Семей деген қаланың атын естігеніміз болмаса, түсімізде көретінбіз. Туған елге оралғанда, сол қасиетті қара шаңырақ «Семей таңы» газетінің босағасына ілінді.

Ақылбек, бұл күнде сенің қатарластарыңның көбі өмірден озып кетті. «Семей таңы» газеті жалғасып шығып жатыр.

Алпыс жылдығыңды «Семей таңы» газетінің ұжымы мен жергілікті ақын-жазушылар, Төкен Смайлұлы, жазушы Медеу Сәрсекенің қолдауымен атап өттік.

Жұр дейсің бе қолтығыма тығылып, Ұсақтығым емес, мұным ірілік. Сүйесең де, қауқарыңдар жығылар, Төменнен де тамылады ұлылық, — досқа деген адалдығын танытып, досың Төкен Смайлұлы әр мерекенде әдеби кештер өткізеді.

СЕН МӘНГІ ТІРІСІҢ!

Асыл жарым, Құдай қосқан қосағым, мына өмірден қалап алған екінші жартым Ақылбек Сағыбайұлы Манабаев — журналист, ақын шаңырағымды шайқалтып, босағамды күйретіп, 1984 жылдың көктемінде дүниені салды.

Артыңнан ерген шәкірттерің, тұсауың өзін кескен, бұл күнде үлкен ақын Несіпбек Айт, жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбай, қазақ елінің бас қаласы Астана қаласынан Ғазиз Сапаевтар маған сәлем айтып жіберіпті: «Ақылбек аға жетпіске толады, жеңгей барлық өлеңің алып бізге келсін, көмектесміз. Мәдениет министрлігінде досымыз бар».

Ол жылдарда Мәдениет министрлігінің бөлім бастығы Әлібек Асқарұлы болатын. Өскеменнің жігіті екен, сені білетін көрнеді. Сол кісінің алдына мені апарып өтініш жасатты.

2004 жылдың 16 желтоқсанында Абай мұражайында кітаптың тұсаукесер әдеби кеші болды. Кештің артынан өзіміз кітапқа шілдехана жасап бердік.

Ғазиз аға Сапаевқа сөз бергенде қызық болды. Медеу екеуміздің ортамызда шешілмеген мәселе бар. Ақылбекті Семейге «мен әкелдім» десем, Медеу «мен әкелдім» дейді.

— Ғазиз аға, сіз редактор Қарқабат ағайға кіргенсіз. Біздің әдебиет бөліміне бір ақын керек. Аяғөзіңіз «Алға» газетінде Ақылбек Манабаев деген ақын бар. Жап-жақсы өлеңдерін жариялап жүрміз газетке.

Жаным тәтті күй ұқтыр, Айналайың жыршы құс. Қанатыңды сүйіп тұр, Алаулаған Қушығыс.

Қалың шөптің ішінде жатқан жұдырықтай құстың қанатын шығар күннің шуағына батырып қойған бұл не деген ғажап тенеу! Сол жігітті алдырыңыз депсіз.

Сөз алғанда Медеу Сәрсекке мынадай бір әдемі сөз айтты: «Ақылбек ақынның бір жуас торысы болатын, бірақ өлең жазғанда шашасына шаң жұқпайтын бәйгеге айналып кететін».

Балташ Ерсалимов: «Рымхан тәртіпсіз, мұғаліміне күйеуге шығып алған» деген қалжынымен бірге, сені менен картаға ұрлап әкететінін тілге тиек ете кетті.

естелігі болды. Сол кезде Айнұрдың бесінші класта ғана оқиды. «Атамның балалар әдебиетіне қосқан үлесі» деген тақырыпта ғылыми жоба қорғап, Астана қаласында өткізілген оқушылар сайысында жүлделі екінші орынды жеңіп алды.

Айтшы қәне, жан балам, жолығың қайсы таңдаған.

Дана боламысың әлде сен, әлемді оймен шарлаған.

Биік көп мен алмаған, қиыр көп мен бармаған,

Андап көрсем аз екен өмірден еншім алмаған.

Халық көзіне жас алып қатты толқыды. Майнұрдыңны ұлы Бексұлтан бесінші класта ғана оқиды. «Атамның балалар әдебиетіне қосқан үлесі» деген тақырыпта ғылыми жоба қорғап, Астана қаласында өткізілген оқушылар сайысында жүлделі екінші орынды жеңіп алды.

Жетпіс жылдың 2004 жылы қалалық мәдениет сарайында аталып өтті. Несіпбек, Тұрсын, қарындасың, әнші Майра Ильясова, Тұрдыбек пен Кабира келді.

Сенің сәген жазылған Болат Сыбановтың «Жайдарлым», «Құлынымды» Тұрсынғазы Рахымов, Жұмбаек Қамбаров, Мырзахан Сыдықовтар шаңырақ келтіріп орындады.

— Отыз атты белесте естідім бір жайдары үн, Сенің үнің емес пе, еркелеген Айдарым? — деп басталды. Осы шаралардың бәріне қала әкімі Нұрлан Ысрайұлы қаражат бөліп, мұрындық болды.

ЖЫР ТАҒДЫРҒА АДАЛДЫҚ

Ақын Ақылбек Манабаев 1967 жылдан өмірінің соңына дейін «Семей таңы» газеті редакциясында әдеби қызметкер болды.



Ақынның «Жазира», «Самал сазы», «Мәуелі бөйтерек», балаларға арналған «Алтын мен көпір», «Тау тескен» атты кітаптары өзінің көзі тірісінде жарық көрді.

өзіне ұнаған журналистік салада өндіре жұмыс істеді. Жырлары жарияланып тұрды. Жинақтары кезегімен шығып жатты.

ерекше. Ақын жары қалай болуы керек дер едім. Ол Ақылбек жырларының жоқтаушысы ретінде ақынға лайықты жар бола білгенімен қадірлі.

Рымхан ағаймен 1988 жылдан араластым. Жасы үлкен болғанымен құрбыластардай сырласатынбыз.

Кәсіби оқуы болмаса да, санасы сергек Рымхан ағайдың өмірден көргені көп,

көргенінен түйгені көп еді. Заман тауқыметі ашы болса да жұмсақтығы мен мейірімділігі мұрат етіп, адамшылық қасиетті ұстанудан жанылмай өткен жан...

Жалған дүниеде барлығы да салыстырмалы түрде бағаланатынын Рымхан ағайдың өткен күнге өкпе артып, бәрін де «пешенеге бұйырғаны» деп қабылдап, шешіле төккен сырынан, сұхбатынан сезетінімін.

Әсіресе, ақын жары Ақылбек ағамен өткізген жарасымды отбасылық шағын күні кешегідей көз алдына елестетіп: — «Аз жыл отасак та бар ғұмырымыз сөулденіріп кетті, жарықтық», — деп отыратын.

Рымхан ағай Ақылбек ақынмен бірге өткізген уақыт, сол заманның әдеби к елбегі, ақын замандастары туралы сыр шертетін. Қазаны оттан түспейтін берекелі үйге қазақтың талай жақсы-жайсандары, әдебиеттің марғасқалары еркін кіріп, емен-жарқын отырып, әдебиет, өлең туралы сырласып, сыйласқан күндерді сағынышпен еске алатын.

Бұлқынып, бұла сезім мөдіреген. Көтеріп ұшты өзіңе тілегімді. Қиналдым. Бір сені аңсап, елжіреген, Қағазға түсіре алмай жүрегімді. Әнімен алдаспаған дала-қырды. Үн қосып бұлбұлға — таң жаршысына. О, сәулем, Жаздым мұны қаламымды Матұрып жанарымның тамшысына. Жүрсін-ау, қарайлаумен жолыма көп. Төзе тұр, Жетем болып гүлді көктем. Хат емес бұл, қона қалған қолыңа кеп, Жанымның жасырағы дір-дір еткен... Бұлайғы ел темір буткаларына дейін меншігіне айналдырып жатыр, кайтейін, ақыннан маған байлық қалған жоқ. Р-ға деп тұрған соң осы өлеңді меншігіме айналдырып алдым деп халыққа қалжың тастаған болдым.

Кезем гүлді бақталасты көбелегім ақ қанатты. Тағдыр әйтеуі сені маған періштенен пәк балатты. Көбелекпен көбелегім, көбелегім дегенім, көп өлеңім. Көбелекпен келіп қонар болсаң, кеудеме гүл егер едім. Көбелекпен көбелегім, көбелегім дегенім, көп өлеңім. Тұтқын етіп арнамымды алып кеттің неге менің? Қарайлар деп көп қарадым, кете бардың тоқтамадың. Арнамы көп есіл жүрек жақсы-ау енді соқпағың.

Осы өлеңінің тарихын айтып бердім. Біз жеті оқып жүргенде класс жетекшіміз декретке кетіп, сен уақытша класс жетекшісі болғансың. Ол уақытта тал егуге апаратын. Біздің класта Толыңың, Шағантағайдың, Дөрбілжіннің қыздары болатын.

Оймдым қорытындылай келіп, осыны ұйымдастырып жатқан ел азаматтарына алтын уақытың бөліп келіп отырған жұртшылыққа, әсіресе алыстан келіп отырған Несіпбекке, Тұрдыбекке, Кабира, Майраларға алғысымыз жаудырдым.

Сенің дүниенің әдеби кештер өткізуге жарлық берілді. Көше атын беруге де құжат жасап, комиссияға жіберілді. Ақын ағаның сексен жылдығың ойдағыдай өтеді деген мазмұнда. Өзім жетпіске толғанда өзге өмірді қаламаймын деген ғұмырнама жаздым.

Рымхан МАНАБАЕВА, ақынның жары

көркемдеп, келістіре баяндаушы еді. Тыңдарманы өзін де сөз құдіретін мойындап, жаның рақатқа бөленетін. Көзінен әлі де алабырт, әлі де тым балаң сезім нұрлы жанарында, жарқын күлкісінде жасырынып тұрғандай болатын.

Отбасы құндылығының күнін жыр сыйлаумен биіктеткен, сөз кәлірін өз кәлірінен де биік қоятын кісіліктің белгісіндей Рымхан ағайды төңірегі түгел құрметтеп, төріне шығарып, құрметтейтін.

Көкірегі сыр сандық, дария көңіл Рымхан ағайдың қасында жүріп талай қасиетін бойыма сіңірдім, қасиет тұттым. Дүниеде адам баласын алапал бөлмейтін, алдынан кезіккен кісінің бойынан адалдық пен ізгілік қана іздейтін тамаша қасиетін таныдым.

Шағартүл ЖАНАЕВА, «М. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК директоры



10 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

# ЖАЙЫҚТАН ҰШҚАН ШАҒАЛА

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде поэзия әлемінің белді өкілі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығы мен «Құрмет» орденінің иегері Ақұштап Бақтыгерееваның 80 жылдық мерейтойына арналған «Жайықтан ұшқан шағала» атты әдеби-сазды кеш өтті.

**Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,**  
Алматы қаласы

Ақын шығармашылығына арналған кештің шымдылығын оқу орнының Басқарма Төрағасы – Ректоры Гүлмира Қанай арнайы құттықтау сөзімен ашты. Университет басшысы Ақұштап Бақтыгереева шығармашылығы терең поэтикалық мазмұнымен, жүрек түкпіріне жететін қуатты сөздерімен ерекшеленетінін атап өтті. Сөз соңында ректор сексеннің сенгіріне шыққан ақынды мерейлі жасымен құттықтап, университет атынан сый-сыяпат табыстады.

Іс-шара барысында каладағы өзге де жоғары оқу орындары мен мектеп басшылықтарының атынан, сондай-ақ институттардан құттықтаулар легі ағылды. Азаматтар Ақұштап Бақтыгереева жырлары тек қазақ поэзиясында ғана емес, ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды дәріптеуде маңызды орынға ие екенін жеткізді. Олардың арасында кешке арнайы келген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты Нұрәулет Ақшын та бар.



патша көңілді көрермен санасына ой салса, талантты әншілер әуезді әнімен құлақ құрышын қандырды. Сондай-ақ студенттік «Тұмар» театры «Ерлікті көзбен көрген күн» атты қойылымды сахналап, көрермен қошеметіне бөленді.

— Мен үшін қыздар институты сондай ыстық. Бүгін ерекше бақыттымын. Себебі өзім түлеп ұшқан оқу ордамның 80 жылдық мерейтойына 80 жасыммен келіп тұрмын. Мұнда мені қазақтың қыздары, немерелерім қарсы алды. Олар менің өздеріме қажет қырымды оқып жатыр. Ал мен өмір бойы қаламын қазақ қыздарын тәрбиелеуге арнапмын. Ана сүюге, ұлтын сүюге тәрбиеленіп. «Қазақ қызы, ананы сыйла. Туған далана

етуі — тұтас бір ұлттың келешегіне, ұрпақтың рухани өресіне есер ететін негізгі фактор. Ал Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті ғасырға жуық уақыт бойы осынау жүгі ауыр миссияны аркалап келеді. Қыздар университетінің тарихы тереңде жатыр. Кезінде мен тәмәмдаған қыздар институты сонау сұрапыл соғыс уақытында, ұлтын сүйген азаматтар әскерге кетіп оралмай, балалар жетім қалған жылдары ашылды. Содан кейін қыздар институтын бітірген ұстаздар ұлы даланың түкпір-түкпіріне барды. Бұл нағыз мақтанарлық сезім. Оқу орны ашылғанға дейін қазақ қыздарының жоғары білімі болмады. Оқыған азаматтарымыз өзге ұлттың қыздарына үйленді. Міне, осынау оқу орданының 80 жасқа толуы — күллі ұлт үшін үлкен той. Қыздар институтынан түлеп ұшқан шәкірттер — балаларды әліппенен бастап үлкен өмір жолына аттандырып жүрген ардақты ұстаздар. Олардың ішінде жанкешті еңбек еткен қаншама құрметті ұстаз бар. Мен оқыған жылдары институтта Мәншүк Мәметованың анасы Әмина Сүлейменқызы Мәметова сабақ берді. Оны есіктен кіріп келгені, студенттерге сөйлегені — біз үшін үлкен тарихи оқиға еді. Біз сол кісілерден тәлім-тәрбие алдық. Әкінішке қарай, қазір институтта білім берген көптеген ұстаз о дүниелік болды. Бірақ бүгінге дейін сол ұстаздарымыздың есімі өлген жоқ, ісі жалғасып жатыр, — деді Ақұштап Бақтыгереева.

Әдеби-сазды кешке жиналған кадрлі қонақтардың арасында ақынның жұбайы Ғабдырахим Жанбырбаев та болды. Ол университет қабырғасында өткерген естеліктерін бөлісіп, оқу орнының студенттеріне білім жолында сәттілік тіледі.

— Мен алғаш кездескен уақытта жұбайыма «Өленді жазып, айтар шындығыңды айт. Маған арқа сүйеуіңе болады» деген едім. Сол сөзімде тұрдым деп ойлаймын. Ақын адамның жүрегі нәзік, сезімтал келеді. Бүгін өзінің өскен ортасына келіп, қошеметке бөленуде. Жастар әдемі өнер көрсетті. Кештің ерекшелігі шынайылығында болды деп ойлаймын. Біз сіздерге тек жақсылық тілеймін, — деді Ғ.Жанбырбаев.

Кеш соңында ақын Ақұштап Бақтыгереева өзіне көрсетілген құрмет пен ыстық ықыласқа ризашылығын білдіріп, университет ұжымына «Ана жүрегі» атты кітабын сыйға тартты.



— Ақұштап Бақтыгереева — өлеңді тым күрделендіріп, түсініксіз етіп жазатын ақын емес. Оның өлеңдеріндегі әрбір шумақтың ішінде талай ой жатыр. Өлеңдері әдебиеттің барлық көркемдік талаптарына сай келеді. Меніңше, болашақ Ақұштаптар араларыңызда отыр. Келешекте адамның жан дүниесіне енетін, тәрбиелі, мағыналы өлең жазатын жастар апаларының білімімен ұштастыра алатын адамдарды «ақын» деп айта аламыз. Соның бірі — Ақұштап Бақтыгереева. Ақын жүрегі турашылдықтан ғана емес, ол нәзіктіктен тұрады. Ақынның жан дүниесіндегі нәзіктік өлеңдері арқылы көрінеді, — деді Нұрәулет Бабаханұлы.

Әдеби-сазды кеште университет студенттері ақын жырларын төгілте оқып,

қызмет ет. Сен қыз болғаныңмен, жүгін ауыр. Сенің мойыңда үлкен жауапкершілік бар. Сен бесіңде тербе, ұлтыңның ұрпағын да өсір, шәкіртін де тәрбиеле» деп айтады екем. Мен келер ғасырға қызмет ететін ұстаздарға, қазақтың аналарына ақ жол, үлкен бақыт тілеймін. Қазақ қыздарының ешбір әлем қыздарынан қалыспайтын өнерлі болуын тілеймін. Қазақ қыздарының бәрінен де биік болатынына, олардың жарқын болашағына сенемін, — деді ақын.

Қазақ қыздарының ағартушылыққа ұмтылуы, балаларға ұстаздық тәлім-тәрбие беруі, білім мен ғылым жолында қызмет



Қазақстандық аралас стильдегі жауынгер (MMA) Шавкат Рахмонов UFC 310-ші турниріндегі 7-ші жеңісіне қол жеткізді. Ол ирландиялық Иэн Гэрриді ұпай саны бойынша жеңді.

## UFC ЧЕМПИОНЫ БОЛУҒА БІР ҚАДАМ

**Әсет ҚАЛИ**

Спортшылардың текетіресі АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында өткен шоуға маңыздылығы жөнінен екінші орында болды. Бетпе-бет кездесудің алдында Рахмонов UFC жартылай орташа салмақ дивизионында үшінші орында, ал Иэн Гэрри жетінші орында болған еді. Кезекті аяқас өте тартысты әрі ерекше болды. Әртүрлі сарапшылардың көзқарасы бойынша, Иэн Гэрриді Шавкатқа онай қарсылас болады деген пікірлер



айтылған-ды. Тіпті, көпшілік оның қанша айналымға дейін шыдайтынына бәс қойып әлек болған. Алайда мотивацияға толы Гэрри 8 бұрыштың ішіне кірген сәттен бастап өзгеріп сала берді. Төбелес бойы Шавкаттан сауатты қорғана отырып, арасында дәл соққыларды да тигізіп үлгеріп жүрді.

Шайқастың бірінші және екінші айналымы бір-біріне қатты ұқсас болды. Өйткені әдетте алғашқы бөліктерде спортшылар барлау арқылы қателік жасамауға тырысады. Шавкат қарсыласын дәлдеп жүріп біршама деп соққыларды жасап, бір рет клинчке апарды. Яғни, қарсыласын еш әрекетсіз ұстап тұру әдісін жасады. Гэрри де қорғана жүріп, соққы жасап, күреске ұмтылғанымен отандасымыздан асып түспеді. Үшінші айналымда Иэн Гэрри белсендірек әрекет етіп, бірнеше нәтижелі соққы жасады. Осы айналым барысында Шавкат Рахмоновтың бапкерлерінің бірі Баян Жаңғалов «қарсыласына барынша кеңістік бермеу керек екенін, барынша жақын аяқас өткізу керектігін» айтты. Оны біз де Шавкат та жақсы естігендей болды. Төртінші айналымда Иэн Гэрри күшін бойына жинап жиі шабуылдай бастады. Аяқпен де, қолмен де ұра жүріп, әдістерін мейлінше көрсетті. Жалпы, Гэрри бұл жекпе-жекті бірінші нөмірмен өткізгісі келгенімен, Шавкаттан аяқасын асыра алмады. Дегенмен жүйелі қорғанысы оны біраз жерге апарды.

Берімізді уайымдатқан сәт шешуші айналымда ирландиялық спортшы Шавкаттың мойнын қысып, тұншықтыра бастаған кезі болды. Екі минут бойы екі аяғын сірестіріп, тапжылмай ұстаған Гэрри бүкіл Қазақстанды қылқындырып тастағандай күй кешті. Иэн Гэрри әлемге соққылаушы сти-

лімен танымал болғандықтан оның күреске икемі аз. Соған қарамастан осындай жағдай ешкімнің ойына кіріп-шықпаған еді. Шавкат күш-жігері мен тәжірибесінің арқасында әрең дегенде бұл тұзақтан сығылып шығып әрі қарай ұрысты жалғастырып кетті. Шыны керек, Гэрридің орнында атакты спортшылардың бірі Хамзат Чимаев болғанда, бұл белдесу уақытынан бұрын аяқталуы мүмкін еді.

«Рахмонов мені бүгін құлата алады деп кім айтты? Керісінше, мен оны тұншықтыруға шақтым болдым. Ұрыста мен оның осал тұсын тапқандай болдым, сондықтан ол күресуге баса назар аударды. Иә, бүгін менің қолымды көтерген жоқ. Иә, мен жеңген жоқпын, бірақ өзімді жеңілгендей сезінбеймін. Мен нағыз алыппен шайқасуға шықтым және оның соншалықты қорқынышты емес екенін дәлелдедім. Мен оның істегенінің барлығын дерлік тоқтаттым. Ол мені құлата алмады», — деді мақтанышпен Иэн жекпе-жектен кейінгі баспасөзде.

Ақырында жекпе-жек барлық бес раундқа созылып, қазылардың бірауыздан шешімімен отандасымыз жеңіске қол жеткізді. Үш төрешінің барлығы оны 48-47 есебімен ең күшті деп тапты. Мансабында алғаш рет «Көшпенді» ерте жеңіске жете алмады. Бұған дейін барлық жарыста 18 жекпе-жегі уақытынан бұрын аяқтаған еді. Ал Иэн Гэрри болса, мансабындағы алғашқы жеңістің дәмін сезді. 27 жастағы ирландиялықтың қоржынында әлі 15 жеңіс бар.

Айқастан кейін Шавкат «Кел, айналайын» деп бірден қазіргі UFC 310 жартылай орта салмақтағы чемпионы Белал Мұхаммедті оқтагонға шақырды. Екеуі сол жерде бірінші мәрте бір-бірімен көз арабасты. Белал осы жекпе-жекті ерекше өткенін атап өтті. Бірақ соған қарамастан бұл салмақта чемпион болып қаламын деп қысқа кайырды. Спортшылар жартылай орта салмақтағы белбеу үшін 2025 жылдың басында күресуі мүмкін.

Айта кету керек, Рахмонов жартылай орта салмақтағы чемпиондық белбеу үшін 8 желтоқсанда күресуі керек еді. Бірақ титулдың иесі Белал Мұхаммед жаракаттануына байланысты жекпе-жектен шығып, оның орнына Иэн Гэрри келді.

— Жеңіске жеткенім үшін, қазақ елін қуантқаным үшін қуаныштымын. Бұл ауыр жекпе-жектердің бірі болды. Мерзімнен бұрын жеңім келді, әрине бірақ қарсыласым шынымен жақсы дайындалып, мықты өнер көрсетті, — деді ұрыстан кейін Шавкат Рахмонов.

Қалай десек те, жеңістің дәмі тәтті. Шавкат үшін тақым қысқан қазақтар үшін мерейлі мереке болғаны рас. Бұл жеңіс бұрынғыдан ерекше болғаны да көзіміз көрді. Шавкаттың күресі енді басталды.

«Айқын-Литер» ЖШС ұжымы Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі-Баспасөз хатшысы, белгілі журналист Берік Үәлиге және туған-туыстарына әулет ақсакалы **Үәли ҚҰРМАНҒАЛИҰЛЫНЫҢ** өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**NUR MEDIA**  
МЕДИЯКОМПАНИИ

**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОВИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Бәни ЖАНЖАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4532**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,